<sup>2,3</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ

19.07.24 ж. баспаға түсті.

03.10.24 ж. түзетулерімен түсті.

05.11.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

### **ХИМИЯ - БИОЛОГИЯ ПӘНІНДЕГІ СТУДЕНТТЕР ҮШІН НӘТИЖЕЛЕРГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН АҒЫЛШЫН ТІЛІНІҢ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫН ӘЗІРЛЕУ**

*Жоғары білім берудегі мақсатты оқыту барысында нәтижеге негізделген оқу жоспарын жобалау теориялық негізі ретінде де, дағдыларды дамыту құралы ретінде де қызмет етеді. Бұл мақалада жоғарғы оқу орындарының химия және биология мамандықтары бойынша оқытын студенттер үшін арнайы мақсаттағы ағылшын тілінің оқу бағдарламасының тиімді негізін жасау мақсатында университеттің, факультеттің, оқу жоспарының, курстың және сабақтардың конструктивті сәйкестендіруін сипаттайды. Құрылымдық термині студенттердің алған ақпараттары мен қабілеттеріне толық жасау беретінін көрсетеді. Өз кезегінде мұғалімнің жасау керекшілігі оқушылардың оқу нәтижелеріне қол жеткізу үшін нені үйренуі керектігін есепке алуға негізделген. Жеткілікті оқу мүмкіндіктері бар сәйкес оқу бағдарламасы студенттердің қалаған нәтижелерге жету ықтималдығын арттыра алады. Осылайша, мақалада университет, факультет, оқу жоспары және курс белгілеген барлық құндылықтарды оқытудың күрделі нысандары мен әдістері арқылы жүзеге асыру сияқты осы келісілген білім беру процесін басқаруға тікелей жасауы*

*оқытушының ролі, сондай-ақ техникалық құралдар мен көрнекі құралдар жүйесін логикалық пайдалану.*

*Кілтті сөздер: мақсатты оқыту нәтижелері, құрылымдық сәйкестік, оқу жоспары, арнайы мақсаттарға арналған ағылшын тілі, химия, биология.*

\*Д. К. Райханова<sup>1</sup>, Г. О. Сейдалиева<sup>2</sup>, Д. Б. Исмаилова<sup>3</sup>

<sup>1</sup>СДУ Университет,

Республика Казахстан, г. Каскелен

<sup>2,3</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая,

Республика Казахстан, г. Алматы

Поступило в редакцию 19.07.24.

Поступило с исправлениями 03.10.24.

Принято в печать 05.11.24.

### **РАЗРАБОТКА УЧЕБНОЙ ПРОГРАММЫ ПО АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ ДЛЯ СТУДЕНТОВ ХИМИИ - БИОЛОГИИ, ОРИЕНТИРУЕМОЙ НА РЕЗУЛЬТАТЫ**

*Структура обучения ориентированная на результаты в высшем образовании служит как теоретической основой для разработки учебной программы, так и инструментом развития навыков. В этой статье описывается конструктивное согласование университета, факультета, учебной программы, курса и уроков с целью создания эффективной основы для учебной программы английского языка для специальных целей (ESP) для студентов высших учебных заведений, специализирующихся в области химии и биологии. Термин «конструктивный» указывает на то, что учащиеся полностью несут ответственность за информацию и способности, которые они приобрели. В свою очередь, ответственность учителя основывается на учете того, что учащиеся должны усвоить, чтобы достичь результатов обучения. Подходящая учебная программа с достаточными возможностями для обучения может повысить вероятность того, что учащиеся достигнут желаемых результатов. Таким образом, в статье показана роль преподавателя, который несет непосредственную ответственность за руководство этим скоординированным образовательным процессом, как за реализацию всех ценностей, определенных вузом, факультетом, учебным планом, курсом через усложненные формы и приемы обучения, а также*

логическое использование системы технических средств и наглядных пособий.

Ключевые слова: предполагаемые результаты обучения, конструктивное согласование, учебная программа, английский язык для специальных целей, химия, биология

FTAMP 39.21.15

<https://doi.org/10.48081/KTZK2007>

**\*А. Б. Сералиев<sup>1</sup>, Э. С. Майшекина<sup>2</sup>, М. Б. Бактыбеков<sup>3</sup>,  
Д. Т. Алиаскаров<sup>4</sup>, А. К. Жумадилов<sup>5</sup>**

<sup>1,4</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

<sup>2,3,5</sup>Alikhan Bokeikhan University

Қазақстан Республикасы, Семей қ.

\*e-mail: [seraliev\\_81@mail.ru](mailto:seraliev_81@mail.ru)

<sup>1</sup>ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-6996-0830>

<sup>2</sup>ORCID : <https://orcid.org/0000-0003-1289-7890>

<sup>3</sup>ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9297-4846>

<sup>4</sup>ORCID : <https://orcid.org/0000-0002-7628-1246>

<sup>5</sup>ORCID : <https://orcid.org/0000-0001-9439-620X>

## **ГЕОГРАФИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕ АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНДЕРІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІН ОҚЫТУ, ОҚУШЫНЫҢ ЖАҒАНДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ**

Мақалада географиялық білім беруде агроөнеркәсіп кешендерінің экономикалық аспектілерін оқытудың ролі, оқушылардың жағандық құзыреттіліктерін дамытудағы маңызы қарастырылады. Агроөнеркәсіп кешендері аймақтық, галамдық экономикалық тұрақтылық пен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды сала болып табылады. Агроөнеркәсіп кешені – экономиканы дамытудың маңызды саласы ретінде қарастырылып, бағаланып, экономикалық байланыстарды, аймақтық даму ерекшеліктерін түсінуге ықпал етеді. Білім тіректері оқушыларды өңірлердің экономикалық ерекшеліктерін бағалап, ресурстарды тиімді пайдалануға және әлеуметтік-экономикалық дамудың әлемдік мәселелеріне назар аударуға үйретеді. Агроөнеркәсіп кешендерінің экономикалық аспектілері негізінде оқушылардың бойындағы бірнеше дағдыларын дамытуға бағытталған. Экономиканың өзара тәуелділігі туралы ақпарат беріліп, оқушылардың экономикалық үдерістерін бағалау мәдениетін қалыптастыру. Агроөнеркәсіптің қоршаған ортаға әсерін түсіндіру барысында оқушылар бойында

*экологиялық мәдениетті қалыптастыру. Оқушыларға агроөнеркәсіп саласының өзектілігімен таныстыру негізінде аналитикалық және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытуға, экономикалық қатынастарды түсінуге және оларды бағалауға үйрету. Зерттеуде оқыту әдістерінің тиімділігін анықтау үшін әдебиеттерге шолу, эксперименттік талдау сияқты әдістер қолданылды. Мақала мазмұны география пәнін оқыту мазмұнын байытып, оқушылардың экономикалық сауаттылығын артырып, жаһандық құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған тұжырымдарды ұсынады.*

*Кілтті сөздер. Агроөнеркәсіп, жаһандық құзыреттілік, экономикалық сауаттылық, сын тұрғысынан ойлау, агроөнеркәсіп кешендері, жаһандық трендтер, экономикалық жүйе.*

### **Кіріспе**

Жалпы білім беру жүйесінің алдында тұрған басты мақсаттар экономикалық және әлеуметтік үдерістерді жан-жақты бағалайтын тұлғаны қалыптастыру. Оқушылар өндірістік аймақтардың ерекшеліктерімен қатар, олардың әлеуметтік және экологиялық әсерін бағалауға үйренеді [1, 6-б.]. Сондай-ақ оқушыларға әлемдегі ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп арасындағы өзара байланыстарды тереңірек түсінуге көмектеседі. Зерттеу жұмыстарымыз географияны оқыту аясында агроөнеркәсіп кешендерінің экономикалық аспектілерін оқытудың мазмұнын қалыптастыруға және оқушылардың жаһандық құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Тақырыптың өзектілігі білім беру процесінде аймақтық экономикалық аспектілерді оқытудың маңыздылығын, олардың жаһандық экономикалық үдерістермен байланысын түсіндіре отырып, оқушылардың экономикалық сауаттылығын дамытумен анықталады [2, 240-б.]. Агроөнеркәсіптік кешендерін қайта құру, жаңа технологиялармен жабдықтау ұғымы география пәнінде, әлемдік экономикасындағы өзгерістерді түсіндіруде қолданылады [3, 8-б.]. Зерттеу мақсатымызға қол жеткізу үшін агроөнеркәсіптік кешендерін зерттеп, білім беру үдерісіндегі қолданысын, Қазақстандағы жалпы білім беретін мектептердің бағдарламаларына талдаулар жасадық [4].

Алға қойған мақсатымыз – агроөнеркәсіптік кешендерін жайлы жинақталған білімді жүйелей отырып, мектептердегі оқу бағдарламасында кеңінен қолдануды ұсыну, шағын оқу модулін құрастыру.

### **Материалдар мен әдістер**

Агроөнеркәсіп кешендері (АӨК) ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, өңдеу, сақтау және жеткізу сияқты процестермен айналысатын экономиканың бірегей және маңызды саласы.

Агроөнеркәсіп кешендерінің қоғамға, экономикаға және қоршаған ортаны дамытуға тигізетін әсері өте жоғары [5, 104-б.].

Жалпы білім беретін мектептерде географиялық білім беруде Агроөнеркәсіп кешендерінің (АӨК) оқытуда маңызды тақырыптардың бірі болып табылды. Ол экономика географияның көптеген маңызды тұстарын қамтиды және оқушылардың экономикалық түсініктерін кеңейтеді [6, 10-б.]. Агроөнеркәсіп кешендерін экономикада оқыту оқушылардың тек теориялық білімін кеңейтіп қана қоймай, экономикалық процестерді нақты тұрғыда ұғынуына және практикалық дағдыларды игеруіне жол ашады [7, 9-б.].

Географиялық білім беруде агроөнеркәсіп кешендерін оқыту барысында оқушылардың экономикалық тірек білімдерін қалыптастырып, дамытуға болады [8, 42-б.].

Нәтижелер және талқылау

Географияда агорөндірістік кешендер жайлы терең білім қалыптастыру негізінде оқушылардың экономикалық, экологиялық, әлеуметтік сауаттылықты арттырып, оқушыларды жаһандық өзгерістерге дайын және кәсіби бағдарланған тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталған.

Жалпы білім беретін мектептерде агроөнеркәсіп кешендерін тиімді оқыту үшін түрлі әдістемелік тәсілдер мен практикалық әдістер қолдануға болады. Агроөнеркәсіп кешендерін оқытудың тиімді әдістерінің бірнеше түрлері берілген [9, 396-б.]:

модельдеу және рольдік ойындар; өңірлік мысалдар мен зерттеу жұмыстары;

экскурсиялар және кәсіпорындармен танысу;

видеоматериалдар мен виртуалды турлар.

Мектеп алаңында немесе шағын жылыжайларда көкөніс өсіру, суарудың әртүрлі әдістерін сынау, тыңайтқыштарды қолдану сияқты шағын эксперименттер өткізу. Бұл тәжірибе Қазақстан мектептерінде кеңінен қолданылуда [10].





сурет 1 – Алматы қаласы, Медеу ауданы, Қасыл Қатықбаева атындағы №168 мектеп-гимназиясының жылыжайы.

Қазақстанда мектептер маңынан шағын жылыжайлар ашылып оқушылар биология сабағында және мектептен тыс уақыттарда бақша өнімдерін өсіріп баптау білімдерін тәжірибеде қолдану сияқты шаралар қолға алынуда. Алматы қаласы, Медеу ауданы, Қасыл Қатықбаева атындағы №168 мектеп-гимназиясына қарасты жылыжайда биология пәні мұғалімі Зулмира Ешейқызымен бірлесіп оқушылар әрекетіне бақылау жүргіздік (1-сурет). Оқушылардың іс-әрекетін бақылау барысында бақша өнімдерін баптауға деген қызығушылықтарының артқанын байқадық. Агроөнеркәсіп кешендерінің маңызын тек география пәніні оқытумен ғана шектелмей, биология, химия, экономика және экология пәндерімен байланыстыру арқылы, оқушылардың кеңірек түсінігін қалыптастыруға болатынын аңғардық. Агроөнеркәсіп кешендерін оқыту барысында оқушылардың бойында маңызды жаһандық құзіреттіліктерін қалыптастыруға болады. Бұл құзіреттіліктер ауыл шаруашылығы мен агроөнеркәсіп кешенінің экономикалық, экологиялық, әлеуметтік және техникалық аспектілерін түсіну және оларды шешу дағдыларын дамытуға бағытталады [11, 6-б.]:

оқушылар агроөнеркәсіп кешенінің дамуымен байланысты жаһандық экономикалық үрдістер мен байланыстарын сын тұрғысынан талдай алады; әлемдегі ауыл шаруашылығы өнімдерінің саудасын, шетелдік инвестициялар мен экспорттық саясаттың маңызын түсінеді;

дүниежүзі елдеріндегі агроөнеркәсіп кешендерінің ерекшеліктерін салыстырып, әлемдік экономикалық қатынастардың ауыл шаруашылығына әсерін бағалай біледі;

- ауыл шаруашылығында экологиялық таза әдістерді қолдану әрі тұрақты даму қағидаттарын ұстану туралы түсініктері тұрақталады.

Агроөнеркәсіп кешендерінің экономикалық тиімділігін талдай алу дағдысы қалыптасады. Агроөнеркәсіп кешендерін оқыту арқылы оқушылар жаһандық экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған құзіреттіліктерді меңгереді [12, 6-б.].

Жалпы білім беретін мектептерде география пәніне қосымша ретінде әрі мектептен тыс оқыту жүйесіне арнап Агроөнеркәсіп кешендерді оқытудың модулін ұсынамыз. Модуль оқушыларға жоғарыда айтылған құзіреттіліктер мен дағдыларды дамытуға көмектеседі.

Таблица 1

Тақырыптар реті	Тақырып мазмұны, қолданатын әдістер, бағалау түрлері
Агроөнеркәсіп кешендерінің негіздері (4 сағат)	
1-тақырып	Агроөнеркәсіп кешенінің жалпы ұғымы, құрылымы Ауылшаруашылық кешенінің сипаттамасы және мазмұны Ауылшаруашылығының кешенінің салалары (егін шаруашылығы, мал шаруашылығы, аграрлық сала) Әлеуметтік-экономикалық рөлі мен маңызы Әдістер: дәріс, топтық талқылаулар, бейнероликтер көру Бағалау: тест, шағын эссе
Агроөнеркәсіп кешенінің экономикасы (6 сағат)	

2-тақырып	Агроөнеркәсіп кешенінің экономикалық мәні мен құрылымы Агроөнеркәсіп кешеніндегі өндіріс факторлары Агроөнеркәсіп кешенінің тиімділігін арттыру жолдары Агроөнеркәсіп кешеніндегі жұмыс күші және еңбек өнімділігі Әдістер: топтық жұмыстар, экономикалық модельдер құру Бағалау: есеп беру, топтық жобалар
Қазақстандағы аулышаруашылық кешені (6 сағат)	
3-тақырып	Қазақстандағы агроөнеркәсіп кешенінің құрылымы мен дамуы Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінің қазіргі дамуы Қазақстандағы агро өнімдерін өндіру және экспорт жағдайы Агроөнеркәсіпте қолданылатын мемлекеттік қолдау бағдарламалары Қазақстандағы ауыл шаруашылығы саласындағы инновациялар мен жаңа технологиялар Әдістер: баяндамалар, пікірталастар Бағалау: пікірталасқа қатысу, эссе
Агроөнеркәсіп кешендерінің экологиялық аспектілері (5 сағат)	
4-тақырып:	Агроөнеркәсіп кешенінің экологиялық әсерлері және тұрақты даму Агроөнеркәсіп кешенінің экологиялық проблемалары Қоршаған ортаға әсер ететін факторлар (су ресурстары, топырақ эрозиясы, биологиялық алуан түрлілік) Әдістер: интерактивті сабақтар, зерттеу жобалары Бағалау: жобалар қорғау, бақылау сұрақтары
Агроөнеркәсіп кешендерінде жаңашылдықтар мен технологиялар (5 сағат)	
5-тақырып:	Агроөнеркәсіп кешендеріндегі жаңа технологиялар мен инновациялар Ауыл шаруашылығында қолданылатын жаңа технологиялар Ауыл шаруашылығында жасыл және экологиялық технологиялар

	Әдістер: бейнемазмұн, сараптамалық баяндамалар, практикалық тапсырмалар
	Бағалау: тапсырмаларды орындау, тестілеу
Агроөнеркәсіп кешендерін дамыту стратегиялары (4 сағат)	
6-тақырып:	Агроөнеркәсіп кешенін дамыту жолдары және стратегиялары Агроөнеркәсіп кешенін дамытудың мемлекеттік және жеке сектордағы рөлі Агроөнеркәсіп кешенін дамытудағы мемлекеттік бағдарламалар Әдістер: топтық жұмыс, пікірталас, кейс-стадиді талдау Бағалау: жобалар қорғау, дебат
Агроөнеркәсіп кешендерінің әлеуметтік аспектілері (4 сағат)	
7-тақырып:	Тақырып мазмұны: Агроөнеркәсіп кешенінің әлеуметтік маңызы және ауылдық аймақтарды дамыту Агроөнеркәсіп кешеніндегі әлеуметтік қызметтер (білім беру, денсаулық сақтау) Әдістер: пікірталас, зерттеу жұмысын жүргізу Бағалау: реферат, топтық тапсырмалар
Агроөнеркәсіп кешендері бойынша зерттеу жобалары мен қорытындылар (4 сағат)	
8-тақырып:	Тақырып мазмұны: Агроөнеркәсіп кешендері бойынша оқушылардың дербес зерттеу жобалары Агроөнеркәсіп кешендерінің түрлі аспектілері бойынша зерттеу жүргізу Әдістер: жоба қорғау, зерттеу жүргізу Бағалау: жобаларды бағалау, қорытынды баға

Модульге сай оқушылардың білімін бағалау кезеңінде нақты критерийлерге сүйену қажет [13, 210-б.]. Оқушылардың білімін бағалау үшін нақты бағалау критерийлерін пайдаланып, бағалаудың алгоритмін ұсынамыз. Мұндай алгоритм оқушылардың білімін жүйелі және әділ бағалауға мүмкіндік береді.

Төменде бағалау алгоритмінің қадамдары көрсетілген:

1. Бағалау критерийлерін анықтау. Әр критерий бойынша білімді тексеру үшін өлшемдері нақтылануы керек.

2. Бағалау шкаласын белгілеу. Әр критерийге белгілі бір ұпай тағайындау үшін шкала жасау қажет. Мысалы, 1-ден 5 ұпайға дейін немесе 1-ден 10 ұпайға дейінгі шкала қолдануға болады.

Таблица 2

Ұпай көлемі	Тапсырманың бағалануы
5 ұпай	толық орындалған.
4 ұпай	жақсы орындалған, бірақ кейбір кішігірім кемшіліктер бар.
3 ұпай	орташа орындалған, негізгі мәселелер ашылғанымен, толық емес
2 ұпай	жеткіліксіз орындалған, айтарлықтай кемшіліктер бар.
1 ұпай	мүлдем орындалмаған немесе қате түсіндірілген

3. Критерийлер бойынша ұпай жинау. Әр критерий бойынша оқушының жұмысын бағалау, сәйкес ұпай көлемі

Таблица 3

Баға түрі	Оқушы жұмысына берілетін баға	Оқушы жұмысының жауап деңгейін бағалау
«5»	Логикалық құрылым	Жауаптың құрылымы анық және реттілігі сақталған.
«4»	Мазмұнның толықтығы	Негізгі ұғымдар жақсы ашылған, бірақ кейбір ақпарат жетіспейді.
«3»	Түсіндіру қабілеті	Түсінікті жеткізілген, бірақ кейбір бөлімдер толық емес.
«4»	Талдау және дәлелдер	Талдау жасалған, мысалдар жеткілікті
«5»	Шығармашылық көзқарас	Креативті идеялар қосылған.

4. Жалпы ұпайды есептеу. Барлық критерийлер бойынша қойылған ұпайларды қосып, жалпы ұпайды шығарыңыз. Мысалы, 4+5+3+4+5 = 21 ұпай.

5. Жалпы ұпайды бағалау шкаласына сәйкестендіру. Жалпы ұпайды бағалау шкаласына сәйкестендіріп, қорытынды бағаны қойыңыз. Мысалы:  
23-25 ұпай – «Өте жақсы»  
18-22 ұпай – «Жақсы»  
13-17 ұпай – «Орташа»

8-12 ұпай – «Қанағаттанарлық»

7 ұпай және төмен – «Қанағаттанарлықсыз»

6. Қорытынды түсініктеме беру. Оқушыға өз бағасының негізін түсіндіру үшін қысқаша түсініктеме беріңіз.

### Қорытынды

Географиялық білім беруде агроөнеркәсіп кешендерінің экономикалық аспектілерін оқыту оқушылардың жаһандық күзіндеттіліктерін дамытуға үлкен үлес қосады. Оқушылар агроөнеркәсіп кешендерінің экономикалық аспектілерін зерттеу барысында ауыл шаруашылығының тиімділігін арттыру, экологиялық тұрақтылықты сақтау, жаңа технологияларды енгізу және халықаралық саудадағы орны туралы терең түсінік алады. Агроөнеркәсіп кешендерін оқыту жаһандық күзіндеттіліктерді қалыптастыруда маңызды рөл атқарады, өйткені бұл сала экономикалық, экологиялық және әлеуметтік өзара байланыстарды түсінуге көмектеседі. Оқушылар өз білімдерін нақты әлемдегі мәселелерді шешу үшін қолдануға, агроөнеркәсіп кешенінің дамуындағы инновациялар мен жаңалықтарды қабылдауға, сондай-ақ ауыл шаруашылығы мен экология арасындағы үйлесімділікті сақтау үшін шешімдер ұсынуға қабілетті болады. Агроөнеркәсіп кешендерінің экономикалық аспектілерін оқытудың нәтижесінде оқушылар тек агроөнеркәсіп саласының тиімділігін арттыру жолдарын ғана емес, сонымен бірге экономикалық және экологиялық мәселелердің шешімін табу, халықаралық сауда және жаһандық экономикадағы өзара байланыстарды түсінуді меңгереді. Бұл білімдер олардың жаһандық қоғамдастықтағы белсенді азамат ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

### Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Rushchitskaya, O., Kulikova, E., Ruchkin, A., Kruzhkova, T.** Navigating the nexus: Sustainable integration of agro-industrial complexes into global agribusiness ecosystems // E3S Web of Conferences. – 2024. – Vol. 542. – DOI: [10.1051/e3sconf/202454203004](https://doi.org/10.1051/e3sconf/202454203004).

2 **Budnyk, O., Konovalchuk, I., Konovalchuk, I., Onyschuk, I., Matsuk, L., Fomin, K.** The problem of economic literacy development of children and youth // Revista de la Universidad del Zulia. – 2022. – Vol. 13. – P. 235–240. – DOI: [10.46925/rdluz.38.17](https://doi.org/10.46925/rdluz.38.17).

3 **Conti, C., Hall, A., Percy, H., Stone-Jovicich, S., Turner, J., McMillan, L.** What does the agri-food systems transformation agenda mean for agricultural research organisations? Exploring organisational prototypes for uncertain futures // Global Food Security. – 2024. – Vol. 40. – P. 2–3.

4 «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат. — Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. — 329 б.

5 **Nakipova, G., Lemechshenko, O.** Sustainable development of agro-industrial complex and rural areas: regional and applied aspect // Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысының экономика сериясы. — 2021. — № 1. — P. 98–108.

6 **Шпак, А.** Основные факторы и условия повышения эффективности и конкурентоспособности аграрной отрасли, устойчивости ее развития // Актуальные проблемы устойчивого развития агропромышленного комплекса: Материалы XII Международной научно-практической конференции (Минск, 11–12 октября 2018 г.). — Минск, 2018. — С. 7–12.

7 **Громова, Н. С., Лылов, А. С.** Трансформация образования в аграрном секторе в условиях цифровизации // Социальные и гуманитарные науки : Агротрансформация образовательной политики России. — 2023. — № 5-6 (108). — С. 7-13.

8 **Mukhammedov, A., Kultan, Y., Nurymbetova, B.** Development of the agro-industrial complex in Kazakhstan // Eurasian Journal of Economic and Business Studies. — 2021. — Vol. 4. — P. 37–51.

9 **Zghurska, O., Korchynska, O., Rubel, K., Kubiv, S., Tarasiuk, A., Holovchenko, O.** DIGITALIZATION OF THE NATIONAL AGRO-INDUSTRIAL COMPLEX : NEW CHALLENGES, REALITIES AND PROSPECTS // Financial and credit activity problems of theory and practice. — 2022. — Vol. 6. — P. 388–399.

10 Мектеп жанындағы жылыжай // Ortalyq Qazaqstan. — 16.04.2024. [Электронный ресурс]— URL: <https://ortalyq.kz/mektep-zhanynda-y-zhylyzhaj/> (қол жеткізу күні: 13.11.2024).

11 **Frolova, O., Fomina, L., Shmeleva, Zh.** The personnel competence qualification formation in the agro-industrial complex production systems: managerial aspect // IOP Conference Series: Earth and Environmental Science. — 2020. — Vol. 421. — P. 2-7.

12 **Sirotkin, O., Belovitskaya, S., Mahdi, Al Hussini, M.** Professional training for self-employment of future specialists of the agro-industrial complex // E3S Web of Conferences. — 2020. Vol. 175. P. 2–8.

13 **O'Donovan, B., Price, M., Rust, C.** Developing student understanding of assessment standards: A nested hierarchy of approaches // Teaching in Higher Education. — 2008. — Vol. 13. — P. 205–217.

## References

1 **Rushchitskaya, O., Kulikova, E., Ruchkin, A., Kruzhkova, T.** Navigating the nexus: Sustainable integration of agro-industrial complexes into global agribusiness ecosystems // E3S Web of Conferences. — 2024. — Vol. 542. — DOI: [10.1051/e3sconf/202454203004](https://doi.org/10.1051/e3sconf/202454203004).

2 **Budnyk, O., Konovalchuk, I., Konovalchuk, I., Onyschuk, I., Matsuk, L., Fomin, K.** The problem of economic literacy development of children and youth // Revista de la Universidad del Zulia. — 2022. — Vol. 13. — P. 235–240. — DOI: [10.46925/rdluz.38.17](https://doi.org/10.46925/rdluz.38.17).

3 **Conti, C., Hall, A., Percy, H., Stone-Jovicich, S., Turner, J., McMillan, L.** What does the agri-food systems transformation agenda mean for agricultural research organisations? Exploring organisational prototypes for uncertain futures // Global Food Security. — 2024. — Vol. 40. — P. 1–15.

4 «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы». [On the peculiarities of the organization of the educational process in the secondary education organizations of the Republic of Kazakhstan in the academic year 2022-2023] Әдістемелік нұсқау хат. — Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. — 34-39 б.

5 Nakipova, G., Lemechshenko, O. Sustainable development of agro-industrial complex and rural areas: regional and applied aspect // L. N. Gumilev атындағы ЕҰУ хабаршысының экономика сериясы. — 2021. — № 1. — P. 98–100.

6 **Shpak, A.** Osnovnye faktory i usloviya povysheniya effektivnosti i konkurentosobnosti agrarnoy otrasli, ustoychivosty yeye razvitiya [The main factors and conditions for increasing the efficiency and competitiveness of the agricultural industry, its sustainable development] // Aktual'nye problemy ustoychivogo razvitiya agropromyshlennogo kompleksa: Materialy XII Mezhdunarodnoy nauchno-prakticheskoy konferentsii (Minsk, 11–12 oktiabria 2018 g.). — Minsk, 2018. — P. 7-11.

7 **Gromova, N. S., Lylov, A. S.** Transformatsiya obrazovaniya v agrarnom sektore v usloviyakh tsifrovizatsii [Transformation of education in the agricultural sector in the conditions of digitization] // Sotsial'nye i gumanitarnye nauki : Agropromyshlennaya politika Rossii. — 2023. — № 5-6 (108). — P. 8–9.

8 **Mukhammedov, A., Kultan, Y., Nurymbetova, B.** Development of the agro-industrial complex in Kazakhstan // Eurasian Journal of Economic and Business Studies. — 2021. — Vol. 4. — P. 37–42.

9 **Zghurska, O., Korchynska, O., Rubel, K., Kubiv, S., Tarasiuk, A., Holovchenko, O.** Digitalization of the national agro-industrial complex: new

challenges, realities and prospects // Financial and credit activity problems of theory and practice. – 2022. – Vol. 6. – P. 388-399.

10 Mektep janındagy jylizhay [[Greenhouse near the school]] // Ortalyq Qazaqstan. — 16.04.2024. [Electronic resource] – URL: <https://ortalyq.kz/mektep-zhanynda-y-zhylyzhaj/> (qol jetkizu kunı: 13.11.2024).

11 **Frolova, O., Fomina, L., Shmeleva, Zh.** The personnel competence qualification formation in the agro-industrial complex production systems: managerial aspect // IOP Conference Series: Earth and Environmental Science. – 2020. – Vol. 421. – P. 2–7.

12 **Sirotkin, O., Belovitskaya, S., Mahdi Al Hussini, M.** Professional training for self-employment of future specialists of the agro-industrial complex // E3S Web of Conferences. – 2020. – Vol. 175. – P. 2–8.

13 **O'Donovan, B., Price, M., Rust, C.** Developing student understanding of assessment standards: A nested hierarchy of approaches // Teaching in Higher Education. – 2008. – Vol. 13. – P. 205–217

18.11.24 ж. баспаға түсті.

26.11.24 ж. түзетулерімен түсті.

28.11.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

\*А. Б. Сералиев<sup>1</sup>, Э. С. Майшекина<sup>2</sup>, М. Б. Бактыбеков<sup>3</sup>,

Д. Т. Алиаскаров<sup>4</sup>, А. К. Жумадилов<sup>5</sup>

<sup>1,4</sup>Қазақстан Республикасының педагогикалық университетінің Абая.

Республика Қазақстан. г. Алматы.

<sup>2,3,5</sup>Alikhan Bokeikhan University.

Республика Қазақстан. г. Семей

Поступило в редакцию 18.11.24.

Поступило с исправлениями 26.11.24.

Принято в печать 28.11.24.

## ПРЕПОДАВАНИЕ ЭКОНОМИЧЕСКИХ АСПЕКТОВ АГРОПРОМЫШЛЕННЫХ КОМПЛЕКСОВ В ГЕОГРАФИЧЕСКОМ ОБРАЗОВАНИИ И РАЗВИТИЕ ГЛОБАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ УЧАЩИХСЯ

*В статье рассматривается роль изучения экономических аспектов агропромышленных комплексов в географическом образовании и их значение для развития глобальной компетенции учащихся. Агропромышленные комплексы являются важной*

*отраслью, обеспечивающей региональную и глобальную экономическую стабильность, а также продовольственную безопасность. Рассматриваемый как значимая отрасль для экономического развития, агропромышленный комплекс способствует пониманию экономических связей и особенностей регионального развития. Учебные материалы помогают учащимся оценивать экономические особенности регионов, эффективно использовать ресурсы и обращать внимание на глобальные проблемы социально-экономического развития. Изучение экономических аспектов агропромышленных комплексов направлено на развитие у учащихся ряда навыков. Дается информация о взаимозависимости экономики и формируется культура оценки экономических процессов. При объяснении влияния агропромышленности на окружающую среду у учащихся формируется экологическая культура. Ознакомление с актуальностью агропромышленного сектора развивает аналитические и критические навыки, понимание и оценку экономических отношений. Для определения эффективности методов обучения использованы такие методы, как обзор литературы и экспериментальный анализ. Содержание статьи обогащает преподавание географии, повышает экономическую грамотность учащихся и способствует формированию глобальных компетенций.*

*Ключевые слова: агропромышленность, глобальная компетенция, экономическая грамотность, критическое мышление, агропромышленные комплексы, глобальные тренды, экономическая система.*

\*A. B. Seraliyev<sup>1</sup>, E. S. Maishekina<sup>2</sup>, M. B. Baktybekov<sup>3</sup>,  
D. T. Aliaskarov<sup>4</sup>, A. K. Zhumadilov<sup>5</sup>

<sup>1,4</sup>Abai Kazakh Pedagogical University,  
Republic of Kazakhstan. Almaty.

<sup>2,3,5</sup>Alikhan Bokeikhan University,  
Republic of Kazakhstan. Semey

Received 18.11.24.

Received in revised form 26.11.24.

Accepted for publication 28.11.24.

### TEACHING THE ECONOMIC ASPECTS OF AGRO-INDUSTRIAL COMPLEXES IN GEOGRAPHIC EDUCATION AND DEVELOPING STUDENTS' GLOBAL COMPETENCE

*This article examines the role of teaching the economic aspects of agro-industrial complexes in geographical education and their importance in developing students' global competence. Agro-industrial complexes are a critical sector ensuring regional and global economic stability as well as food security. As a vital industry for economic development, the agro-industrial complex promotes an understanding of economic connections and regional development characteristics. Educational resources help students assess regional economic features, use resources efficiently, and address global socio-economic development challenges. Studying the economic aspects of agro-industrial complexes aims to develop several skills in students. Information on economic interdependence fosters a culture of evaluating economic processes. When discussing the environmental impact of agro-industry, students develop an ecological culture. Introducing the relevance of the agro-industrial sector enhances analytical and critical thinking skills, understanding, and assessment of economic relationships. Literature review and experimental analysis were used to assess the effectiveness of teaching methods. The article's content enriches the teaching of geography, enhances students' economic literacy, and promotes global competence.*

*Keywords: agro-industry, global competence, economic literacy, critical thinking, agro-industrial complexes, global trends, economic system.*

МРНТИ 14.35.07

<https://doi.org/10.48081/OERN7467>

\*Ж. А. Темербаева<sup>1</sup>, С. И. Абишева<sup>2</sup>,  
О. К. Калиева<sup>3</sup>, М. М. Жаркумбаева<sup>4</sup>

<sup>1,2,3,4</sup>Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

\*e-mail: [zhanna.temerbaeva@mail.ru](mailto:zhanna.temerbaeva@mail.ru)

<sup>1</sup>ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3168-1059>

<sup>2</sup>ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8327-5696>

<sup>3</sup>ORCID: <https://orcid.org/0009-0005-4408-9152>

<sup>4</sup>ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-4861-5358>

### ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІ ШЕҢБЕРІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ МОТИВАЦИЯСЫН ДАМУЫ КOMPONENTТЕРІ

*Мақалада университеттегі студенттерді ынталандыратын көпқырлы факторлар мәселесі жан-жақты қарастырылады, сондай-ақ білім беру процесінде ішкі және сыртқы мотивтердің арасындағы айқын айырмашылықтар тереңірек талданады. Әлеуметтік, когнитивтік, прагматикалық және коммуникативтік мотивациялық аспектілерге, сондай-ақ студенттердің кәсіби мақсаттары мен амбицияларына ерекше назар аударылады. Торайғыров университетінің әртүрлі курстарының студенттері арасында жүргізілген зерттеу нәтижелері мотивацияның қалыптасу үдерісі, оның өзгеру динамикасы мен дамуының ерекшеліктерін егжей-тегжейлі талдауға мүмкіндік берді. Мақалада студенттердің әлеуметтік-психологиялық және жас ерекшеліктері, олардың болашақ кәсіби қызметке деген көзқарасы, өзін-өзі дамытуға, табысқа жетуге және өзін-өзі жүзеге асыруға деген ұмтылыстары кеңінен талқыланады. Сонымен қатар, психологиялық-педагогикалық ықпал ету әдістеріне үлкен мән берілген, олардың студенттердің оқу процесіне деген қатынасын айтарлықтай жақсартып, білім алуға деген ынтасын арттырудағы ролі көрсетілген. Оқытушыларға білім алушылардың оқу белсенділігін ынталандыру, академиялық көрсеткіштерін жақсарту, сондай-ақ студенттердің оқу үдерісіне белсенді түрде қатысуына қолайлы жағдайлар жасау бойынша нақты ұсыныстар беріледі. Студенттердің табысты білім алуы*

*мен олардың кәсіби дамуы үшін мотивациялық факторлармен жүйелі және мақсатты жұмыс жүргізудің аса маңызды екендігі ерекше атап өтілген.*

*Кілтті сөздер: білім беру жүйесі, студенттер, мотивация, білім беру қызметі, ЖОО, ынталандыру.*

### **Кіріспе**

Қазақстан білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциясы үшін білім құрылымы мен мазмұнына өзгерістер енгізу қажет. Жаңа әдістемелерді өзірлеу, соның ішінде онлайн-білім беруді белсенді түрде енгізу және трансформациядан, оқытудан және үнемі өзін-өзі дамытуға бағытталған ұзақ мерзімді перспективаға назар аудару маңызды. Бұл өзгерістер білім сапасын арттыруға, оның қазіргі заманғы талаптарға және еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкестігін арттыруға, сондай-ақ студенттердің сыни ойлау, шығармашылық қабілеттері мен дербестігін дамытуға бағытталған. Жоғары оқу орындарында білім беру парадигмасының эволюциясы студенттердің білім алу және тұлғалық өсуін қалыптастыруға, олардың кәсіби және әлеуметтік дағдыларын дамытуға жоғары талаптар қоюды білдіреді. Бұл тек қана білімді беру емес, сонымен қатар оларды шығармашылықты қолдана отырып, стандартты емес мәселелерді шешу қабілеті туралы да болып отыр. Ол үшін оқытушылар білім беру үдерісіне белсенді қатысуы, студенттердің өз бетінше білім алуға және кәсіби маман ретінде үздіксіз өсуіне қолдау көрсетуі қажет. Бұл тәсіл студенттердің кәсіби дағдыларды жақсы меңгеруіне және қоғамда лайықты орнын алуға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда студенттердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптардың өсуі жағдайында жоғары оқу орындарындағы педагогикалық үдеріс бірқатар күрделі мәселелермен бетпе-бет келіп отыр. Олардың ішінде студенттердің оқуға деген қызығушылығының төмендеуі, өз бетінше жұмыс істеу дағдыларының жеткіліксіз дамуы, оқу материалын шарлау қабілеті, сондай-ақ әмбебап және кәсіби құзыреттіліктерді меңгерудегі бастаманың көрінісі. Барлық аталған мәселелер студенттердің оқуға деген мотивациясының қалыптаспағандығының көрінісі ретінде сипаттауға болады. Осыған байланысты жоғары оқу орындарында студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетіне мотивациясын оңтайландыруға, сондай-ақ оқу іс-әрекетін студент тұлғасының мазмұнды құрамдас бөлігіне айналдыруға ықпал ететін жағдайлар жасау ерекше маңызды. Мотивация іс-әрекеттердің мақсатқа бағыттылығын, олардың ұйымдастырылуын және тұрақтылығын анықтайды, нақты нәтижеге жетуге бағытталған. Студенттің

мотивациясы академиялық жетістіктермен ғана шектелмей, тұлғаның жалпы әлеуметтенуіне, дүниетанымын қалыптастыруға, моральдық ұстанымдарын, кәсіби және тұлғаның өзін-өзі дамытуын әсер ететін әртүрлі жеке қасиеттерді де қамтиды.

Зерттеу жұмысының мақсаты – Торайғыров университет студенттерінің оқу мотивациясының қалыптасу деңгейін анықтау болып табылады.

Зерттеудің негізгі мақсатына жету үшін келесі нақты міндеттер анықталды:

- Торайғыр университеті студенттерінің оқу және кәсіптік даярлығы контекстінде олардың мотивациялық саласына талдау жүргізу;

- студенттердің жетілу және кәсіби дамуы барысындағы мотивация эволюциясын зерттеу.

### **Материалдар мен тәсілдер**

Бұл зерттеу материалдары Торайғыр университетінің сәулет-құрылыс факультетінің студенттері арасында жүргізілген әлеуметтік сауалнамаға негізделген. Зерттеу объектілері сәулет, дизайн, құрылыс және құрылыс материалдарын өндіру білім беру бағдарламасының 18 жастан жоғары студенттері қатысты. Зерттеуге сәулет-құрылыс факультетінің 64 студенті қатысты.

Зерттеу әдістемесінің негізін педагогикалық зерттеудің жүйелілік, тұтастық, объективтілік, сондай-ақ педагогикалық талдау әдістерін кешенді пайдалану сияқты принциптері құрайды.

Торайғыр университет студенттерінің оқу жұмыстарын талдау барысында білім беру философиясы, тұлғаның оқу іс-әрекетіне дайындығы, тұлғалық-бағдарлы оқыту әдістемесі, кәсіптік білім беруді дамыту принциптері туралы түсініктер пайдаланылды.

Зерттеу үдерісінде әртүрлі әдістер қолданылды: сауалнамалар және жұмыс нәтижелерін талдау арқылы мәліметтер жинау, алынған ақпаратты кейіннен жүйелеу және жалпылау арқылы теориялық талдау, сондай-ақ білім беру үдерістерін тереңірек түсіну үшін математикалық және статистикалық деректерді талдау әдістері және олардың нәтижелері.

Нәтижелер және талқылау

Жүргізілген зерттеулер студенттердің оқу мотивациясына әсер ететін факторларды анықтауға ғана емес, сонымен қатар олардың оқу іс-әрекетіне деген көзқарасын өзгертуге ықпал ететін жағдайларды ашуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, онда студенттердің оқуға деген қызығушылығын оятуға және олардың белсенді оқу әрекетін қолдауға бағытталған оқытушыларға арналған ұсыныстар айтылды.

Бүгінгі студенттер өткен онжылдықтардағы дәстүрлі құндылықтар жүйесін қайта қарауда, бұл құндылықтар саласында жаңа басымдықтардың қалыптасуына алып келеді. Университетте оқу үдерісінде құндылық бағдарларының динамикасы өзгеріп, құндылықтар құрылымы мен студенттің болашақ мамандығын таңдауы арасында тығыз байланыс пайда болады. Жоғарғы білімнің алдында тұрған заманауи міндеттердің күрделілігі бүгінгі жастардың құндылық әлеуетін түсіну мен дамытудың маңыздылығын көрсетеді. Оқытушылардың педагогикалық күзиреттілігі қазіргі кезде олардың оқу материалын білуімен ғана емес, оқытудың психологиялық-педагогикалық және дидактикалық әдістері мен тәсілдерін қолдана білуімен де анықталады.

Торайғыр университетінің оқытушысы студенттерді дамытуына тиіс көптеген негізгі дағдылардың ішінде мыналар ерекше маңызды:

- өз ісін тиімді басқару, өзін-өзі талдау және өмір бойы білім алу арқылы үздіксіз жетілдіру;

- мәселелерді жүйелі түрде талдай білу және іс-әрекет стратегиясын әзірлеу;

- мақсатқа жету үшін топтық стратегияны құра отырып, ұжым жұмысын ұйымдастыру және бағыттау білу;

- академиялық және кәсіби қарым-қатынас үшін қазіргі заманғы коммуникациялық технологияларды пайдалану.

Оқыту мен оқу бір-бірімен байланысты және оқу-тәрбие үдерісіне белсенді әсер етеді, студенттердің жалпы және кәсіби дағдыларын дамытуға бағыттайды. ЖОО-да студенттерді ынталандыру басты рөл атқарады, өйткені бұл олардың оқу іс-әрекетіне белсенді қатысуын ынталандырады. Сондықтан мотивацияны концептуализациялау студенттерді табысты оқыту мен тәрбиелеу үшін оның тәжірибелік маңызын ескере отырып, ең маңызды теориялық және педагогикалық міндетке айналады.

Ниет, ынталандыру, үлес және ынта ұғымдарымен тығыз байланысты мотивация ұғымы қазіргі гуманитарлық ғылымдардың негізгі элементі болып табылады. Алғашында А.Шопенгауэр философиялық зерттеулеріне қажетті төрт негізгі ұғымның бірі ретінде қарастырған мотивация сөзбе-сөз аударғанда «қозғалу, әрекет ету» дегенді білдіреді, ол латынның «movere» сөзінен шыққан [1].

P. Nguyen, P. Degrave, E. Steendam, L. Sercu бойынша мотивация – бұл өзінің немесе қоршаған ортадағы өзгерістерге субъективті ұмтылысты бейнелейтін және осы өзгерістерге қол жеткізу үшін әрекет етуге дайындығын қамтитын күй [2].

Психологияда дамыған мотивация теориясында іс-әрекеттің себептерін талдағанда нақты қажеттіліктерге назар аудару керек деп есептейді. Іс-әрекеттің психологиялық концепциясын жасаушы А.Н.Леонтьев іс-әрекет объектісі мотив бола отырып, материалды да, идеалды да бола алады, бірақ ең бастысы бұл объектінің артында әрқашан қажеттілік болатынын атап көрсетті [3].

С. Л. Рубинштейн адам әрекетінің әртүрлі түрлерімен байланысты мотивтерді талдап, бұл әрекеттің әлеуметтік-тарихи контексті мен сипатын атап көрсетті, жануарлардың инстинктивтік мінез-құлқымен салыстырғанда адам мінез-құлқының хабардар болуын атап көрсетті. Сонымен қатар, Рубинштейн қажеттілік концепциясына негізделген мотивацияны зерттеудің өзіндік тәсілін жасады [4].

Х. Хекхаузеннің пікірінше, адам мотивациясының психологиялық механизмдерін зерттеу когнитивтік ойлау механизмі арқылы өзара байланысқан үш негізгі фактордың өзара әрекеті болып табылады: тұлғалық, ситуациялық және мотивациялық [5].

T. Dania, H. Chládková, J. Duda, R. Kožíšek және A. Hrdličková пікірінше, мотивация студенттердің оқу-тәрбие үдерісінде олардың оқудағы биік деңгейіне, оқу сабақтарындағы белсенділігіне және жалпы нәтижелілігіне әсер ететін негізгі рөл атқаратының белгіледі. Зерттеушілер оқу мотивациясына ішкі және сыртқы ынталандыру әсер ететінін нақтылайды. Ішкі ынталандыруларға оқушылардың жеке ерекшеліктері, олардың қызығушылықтары, талпыныстары, білім алуға, оқу жетістіктеріне жетуге және жеке тұлға ретінде дамуға деген ұмтылыстарын белгіледі. Сыртқы ынталандыруларға оқыту жағдайлары, оқыту әдістері, әлеуметтік ортаның әсері және басқалардан күтулер кіруі мүмкін, олар студенттердің оқуға деген ынтасына және оқу үдерісіндегі белсенділігіне әсер ететінін нақтылады [6].

S. Falcon, J. B. Alonso және J. Leon атап көрсеткендей, оқытушылар марапаттар мен жазалар (яғни сыртқы мотивация) немесе сезімдер (яғни, интроспекциялық мотивация) сияқты сыртқы мотиваторларға немесе оқу құндылығы сияқты ішкі формаларға жүгіне алады және ішкі мотивациясы бар студенттер көбірек оқуға қызығушылық танытады және жоғары сапалы білімге қол жеткізеді [7].

M. W Galbraith, R. J Wlodkowski, И. А. Зимняя және А. В. Осиповская оқу іс-әрекетінің мотивациясын білім беру ортасының сипаты, бәсекелестік, әлеуметтік әсер ету сияқты әртүрлі сыртқы факторлардың, сонымен қатар мақсат қою, қызығушылық, субъективтілік және эмоционалдық жағдай сияқты ішкі факторлардың өзара әрекетінің нәтижесі ретінде анықтап және мотивациялық факторлардың саны студенттердің жалпы мотивация



деңгейіне тікелей әсер етеді деп мәліметтейді [8, 4-7-б.; 9, 2-б.; 10, 235-248-б.; 11, 89-93-б.].

Т. Моу пікірінше, мотивациясы жоғары студенттер тапсырмаларды орындауда үлкен табандылыққа ие, себебі олар ішкі қанағаттану үшін немесе өздеріне тән қиындықтардан іс-әрекетпен айналысады, сондықтан олар өз мақсаттарына табандылықпен жетуге бейім [12].

A. Martin, Re. Collie, L. Malmberg мотивация мәселесінде академиялық талаптар мен академиялық ресурстарды ескеру керектігін атап көрсетеді. Академиялық талаптар психологиялық және/немесе физикалық жүктемені қажет ететін оқыту ерекшеліктерін қамтиды (мысалы, оқыту сапасының төмендігі, курстың ауыр жүктемесі). Академиялық ресурстар студенттерге академиялық мақсаттарға және өсуге қол жеткізуге көмектесетін оқу аспектілерін қамтиды (мысалы, оқытуда қолдау көрсету, оқытуш мен студенттің арасындағы жағымды қарым-қатынас). Академиялық талаптар студенттердің мотивациясының төмен деңгейімен байланысты, ал академиялық ресурстар жоғары мотивациямен байланысты дейді [13].

J. W. Apps заманауи оқытушылар теориялық материалдарды әртүрлі тәжірибелік жағдайларды шешу үшін қолдана білуі керек, сонымен бірге бұл білімнің болашақ үшін маңыздылығын атап өтеді. Бұл әдіс студенттердің белсенділіктерін сезінуге мүмкіндік береді және олардың мотивациясын арттыруға көмектеседі [14].

Жеке тұлғаның ынтасы мен іс-әрекеті оның қоршаған дүниені жеке қабылдауымен және өзін-өзі реттеу қабілетімен тығыз байланысты екенін атап өткен жөн. Түрлі факторлардың мотивацияға қалай әсер ететінін және олардың мінез-құлықты қалай бағыттайтынын түсіну жеке тұлғаны түсінуге ғана емес, сонымен қатар қажетті нәтижелерге жету үшін мотивациялық стратегияны жасауға көмектеседі. Мотивация контекстінде жауапкершілік салаларын айыру маңызды аспект болып табылады:

-оқытушы мен оқу орнының міндеттері, олар оқытушылар мен оқу орнының студенттердің оқуға деген мотивациясын арттыру үшін ынталандыратын оқу ортасын құру, қызықты әрі өзекті оқу материалдарын әзірлеу, сондай-ақ қолдау мен ресурстарды ұсыну міндеттерін қамтиды. Оқытушылар оқу үдерісін қызықты, қолдау көрсететін және студенттердің әртүрлі оқу қажеттіліктеріне белсенді жұмыс істеуі керек;

- студенттің жауапкершілігі, ол студенттердің білім беру үдерісіне белсенді қатысуын, жеке мақсаттарды қоюды және оларды жүзеге асыруға ұмтылуды, сондай-ақ ұсынылған ресурстарды пайдалану және олардың дамуы мен жетістіктерін қолдауды қамтиды. Студенттер өздерінің мотивациясы, өзін-өзі реттеу және оқу іс-әрекеті үшін жауапкершілікті өз

мойнына алып, оқу үдерісіне белсенді қатысып, білім беру мақсаттарына жетуге ұмтылуы керек.

Жауапкершіліктің осы салаларын ажырату оқытушыларда, студенттер де ортақ білім беру мақсаттарына қол жеткізу үшін тиісті жауапкершіліктерді алатын тиімді білім беру ортасын құруға көмектеседі. Оқу мотивациясы оқу әрекеті үдерісінде белсендірілетін мотивацияның белгілі бір түріне жатады. Мотивацияның бұл түрі тұрақтылықпен, динамикамен және білім беру мақсаттарына жетуге бағытталғандығымен сипатталады. Бұл көбінесе оқу үдерісін ұйымдастыруға, оқу материалының ерекшеліктеріне, оқыту әдістеріне және оқытушының педагогикалық жұмысының жеке стиліне, сондай-ақ басқа факторларға, соның ішінде психологиялық-педагогикалық аспектілерге байланысты. Маңызды факторлардың арасында студенттердің әлеуметтік-психологиялық және жас ерекшеліктерін олардың тұлғасының құрамдас бөлігі ретінде ескеру қажет. Студенттік жас кезеңі тұлғаның қалыптасуы аяқталып, дүниетанымының қалыптасуы және құндылық бағдарларының бекітілу кезеңін білдіреді.

Есепке алмай болмайтын факторлар қатарында – студенттік жастардың әлеуметтік-психологиялық және жас категорияларын олардың тұтас тұлғасы ретінде қарастыру қажет, бұл мәселемен психологтар мектебі айналысып, антропологиялық принципке және синтетикалық адамтануға сүйенді. Алайда, зерттеулер көрсеткендей, бірінші, екінші курс студенттерінің ерте есейген кездегі тұлғалық жетілудің қалыптасуы баяу және нәрестелікпен сипатталуы мүмкін, яғни олардың өмірін өзін-өзі реттеу және өз бетінше ұйымдастыру деңгейі жеткіліксіз болуы мүмкін. Бұл факторлар бірінші, екінші курс студенттерінің оқуға деген ынтасын дамытуды қиындатуы мүмкін. Жоғары оқу орындарының негізгі мақсаты – студенттердің оқу мотивациясын ынталандыру және олардың оқу үдерісінен қанағаттануын қамтамасыз ету. Мұндай жағдайларды жасауға деген ұмтылыс әрбір студенттің жеке басының құндылығын растауға әкеледі және жалпы оқу үдерісінің тиімділігін арттыруға көмектеседі.

Студенттерді оқуға деген мотивациясына әсер ететін бірқатар ынталандырулар бар:

- танымдық - жаңа білім мен зерттеуге құштарлық, өзін қоршаған әлемді түсінуге және тұлға ретінде дамуға ұмтылу, өз ой-өрісін кеңейтуге және пәнді терең түсінуге ұмтылу;
- әлеуметтік, өзінің және отбасының жақсы болашағының кепілі екенін ұғыну;
- прагматикалық - сапалы білім табысты мансап пен қаржылық тәуелсіздікке жол ашатынын түсіну, білім арқылы жоғары әлеуметтік мәртебеге және материалдық әл-ауқатқа жетуге ұмтылу;

- қарым-қатынас мотивтер – жаңа байланыстар мен достықтар орнатуға, пікірлес адамдармен тәжірибе және идеялармен алмасуға және өзінің әлеуметтік желісін кеңейту және қарым-қатынасты байыту тәсілі ретінде оқу үдерісіне қатысуға ұмтылу;

- кәсіби - таңдаған саласында озық маман болуға ұмтылу.

Торайғыров университет студенттерінің оқу іс-әрекетіне мотивациясына қандай нақты факторлар әсер ететінін анықтауға тырыстық, студенттердің оқу үдерісіне қатысу деңгейін ғана емес, сонымен қатар олардың материалды тиімді меңгеру қабілетін, сондай-ақ оқудағы табыстың көрсеткіштері ретінде. Сонымен қатар, біз студенттердің оқу-танымдық іс-әрекетке деген мотивациялық қатынасын белсендіруге қандай психологиялық-педагогикалық факторлар ықпал ететіні қызықтырды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Торайғыров университет студенттерінің көпшілігі өздерінің білім алу іс-әрекетіне үлкен мән береді және олар алған білім қазіргі нарықтық экономика жағдайында өмірде табысқа жету және өзін-өзі жүзеге асыру үшін кең мүмкіндіктер ашатынына сенімді. Олардың көпшілігі таңдаған мамандығымен байланысты болашаққа сеніммен қарайтынымен, көпшілігі кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруды университетке түсудің басты мотиві ретінде көрсетпейді.

Ізденіс кезеңінде біз Қазақстанның шағын қалалары мен ауылдық жерлерінде білім алған студенттер мен үлкен қалаларында мектеп бітірген студенттерге «Оқуға түсу мотивацияларыңыз?» деп сауалнама ұсындық. Сауалнамаға студенттердің келесі жауаптары болды:

-білім беру арқылы қоғам мен әлеуметтік ортаның дамуына үлес қосуға ұмтылу;

- оқу үдерісінде әлеуметтік жобалар мен бастамашыл топтарға қатысуға қызығушылық;

- алған білімдерін пайдалана отырып, әлеуметтік мәселелерді шешуге ынталандыру;

- болашақта тұрақты жұмыс пен қаржылық тәуелсіздік беретін білім алуға ұмтылу;

- жақсы мансап және қаржылық болашағы бар мамандық таңдауға деген ұмтылыс;

-таңдалған мамандық бойынша жұмысқа орналасу ықтималдығының жоғары болуын күту;

- нақты өмірде қолдануға болатын практикалық дағдыларды алуға ұмтылу;

- білім алу арқылы қаржылық жағдайды жақсартуға көңіл бөлу;

- таңдаған мамандығын терең меңгеріп, ой-өрісін кеңейтуге ұмтылу;

- жаңа интеллектуалдық салада дамуға ұмтылу;

- жеке және кәсіби өсуге ықпал ететін білім алуға қызығушылық;

- оқу арқылы өзінің дүниетанымын кеңейтуді және шығармашылық қабілетін дамытуды күту;

- әрі қарай дамыту үшін қызықты және мазмұнды пәндерді оқуға ұмтылу;

- өз мамандығының маманы болуға және кәсіби биіктерге жетуге ұмтылу;

- мансаптық жетістіктерді күту және таңдаған салада өзін жүзеге асыру мүмкіндігі;

- өз саласында мойындалған жоғары білікті маман болуға ұмтылу;

- оқуды бітіргеннен кейін табысты мансап күту;

- кәсіби дағдыларды дамытуға және мансаптық мақсаттарға жетуге ынталандыру;

- топта жұмыс істеуге және бірлескен білім беру жобаларына қатысуға ынталандыру;

- өзіңізді мүдделері мен мақсаттары ұқсас адамдармен қоршауға деген ұмтылыс;

- білім беру мекемесінде қарым-қатынас пен ынтымақтастық үшін қолайлы әлеуметтік ортаны күту.

Жеке деректерді талдау кезінде Қазақстанның шағын қалалары мен ауылдық жерлерінде білім алған студенттер мен үлкен қалаларында мектеп бітірген студенттерімен салыстырғанда әлеуметтікке байланысты мотивацияға көбірек бейім екені анықталды (1-диаграмма).



Диаграмма 1 – Қазақстанның ірі, шағын қалалары мен ауылдық жерлерінде мектеп білімін алған Торайғыров университетінің бірінші және екінші курс студенттерін оқуға түсу мотивациялары

Респонденттердің көпшілігі үшін оқуға түсу кезінде таңдалған мамандықты алу мүмкіндігі шешуші емес, ал әлеуметтік мотивтің көрсеткіштері көп болғандықтан, олардың университетке түсу туралы шешімін біз әлеуметтік ұтқырлықты жүзеге асыру құралы және қоғамдағы жағдайын жақсартуға деген ұмтылыс ретінде түсіндіреміз. Отбасын қолдау, әлеуметтік ортаның әсері сияқты әлеуметтік факторлар білім беру мекемесі мен мамандықты таңдауға айтарлықтай әсер етті, бұл жастардың білім беру шешімдеріндегі әлеуметтік уәждеменің маңыздылығын көрсетеді.

Торайғыр университетінде оқу үдерісінде студенттердің мотивациялық факторларының эволюциясы байқалады, олар динамикалық және өзгермелі. Университетте оқу барысында студенттердің танымдылық және кәсіби мансапқа деген көзқарасы өзгеріп, олардың маңыздылығы арта түсуде (2-диаграмма).




Диаграмма 2 – Торайғыр университетінің жоғары курс студенттерінің мотивациялық факторларын оқыту үдерісіндегі өзгерістер

Студенттердің оқу үрдісінде мамандыққа деген көз қарасын қайта бағалауда, ішкі дүниесін өзгерту қажеттілігін сезінуінің жаңа жолдарын іздеудің маңызды кезеңі болып табылады.

респондент біліктілік санаты педагог-шебер: біліктілік санаты артқан сайын жауапкершілік артқанын айтады. Мектеп әкімшілігі тарапынан біліктілік санаты жоғары мұғалімдерге әріптестермен өрекеттестік, семинарлар, ашық сабақтар, тәлімгерлік жасау міндеттері жүктеледі. 31НГ педагог-зерттеуші де біліктілік санаты артқан сайын қауымдастықта көбірек жұмыс істейтінін, тәжірибесін тарататынын айтты. Педагог-сарапшы 31НС біліктілік санаты өскеннен кейін өзінің сайысқа қатысатын оқушыларының саны артқанына назар аудартады. Дегенмен сыныптағы оқыту мен әдістемеге қандай өзгеріс енгенін нақты айта алмады. Сондай-ақ 1ЖС педагог-шебер өз жауабында жас мұғалімдерге тәлімгерлік жасауға, олардың сабақтарына қатысып кері байланыс беріп, қолдау көрсетуге басымдық бергенін және ол мұғалімдердің тәжірибесі жақсарғанын атап өтті. Біліктілік санаты артқан сайын тәжірибе де арта береді дегенмен мұғалімдердің көпшілігі келіседі. 5КС педагог-модератор, педагог-сарапшы немесе педагог-шебердің тәжірибесінде айырмашылық жоқ, мұғалімдер біліктілік санатын алуға тек материалдық жағдайларын көтеру үшін барады деді. 5МТ жас мұғалім өз алдына мақсат қойып, ізденіп, дайындығын күшейтсе, мұғалім-зерттеушіден де артық сабақ беруі мүмкін. Ол үшін оқушыларды, мамандықты жақсы көру керек деген ой айтты. 5СК педагог-модератор санатындағы респондент мұғалім тәжірибесінде сабақ беру маңызды орын алатынын және аттестаттау кезінде сабаққа басымдық берілу керек екеніне тоқталды. ИИМ педагог-модератор жастардың ішінде креативтілері бар, оқушыларды пәнге қызықтыра біледі деді. Жасына қарамастан, педагог-зерттеуші, педагог-шебер санаттарын алған жас мұғалімдер де бар. Ең бастысы ынта болу керек деп ойлаймын деген пікір білдірді.

Бірінші сұрақ бойынша сұхбатқа қатысқан мұғалімдердің басым көпшілігі, шамамен, 82 пайызы мұғалімнің тәжірибесі дегенде сыныптағы оқытуға басымдық береді. Әрі аттестаттау кезінде мұғалімнің сыныптағы тәжірибесі жеткілікті түрде ескеріле бермейді деген пікір білдіреді. Мұғалім-шебер, мұғалім-зерттеушілер біліктілік санаты жоғарылаумен бірге, оларға мектеп әкімшілігі тарапынан тәжірибе тарату, жас мұғалімдерге тәлімгерлік жасау, әріптестері үшін семинарлар сияқты тағы да басқа міндеттер жүктелетінін айтады. Біліктілік санаты жоғары мұғалімдердің шамамен 20 пайызы өз бастамаларымен оқушыларды зерттеу жұмысына тарту, жас мұғалімдерге тәлімгерлік жасау сияқты тағы да басқа жүктемелерді алады. Мұғалімдер тәжірибені еңбек өтілімен байланыстыратыны байқалады. 13К респонденттің тәжірибелі мұғалімнің оқушыны түсіну туралы пікірі өте құнды болды. Болашақ мұғалімдер тәжірибелік зерттеулер арқылы оқушылардың оқуы қалай жүретінін түсінетіндігі туралы зерттеу жүргізген



Лео Мой Моой мен Мунира Мохсин оқушылардың қалай оқитыны жөніндегі түсінік мұғалімдерге тәжірибемен келеді деген болжам жасайды [16].

Келесі кезекте мұғалімдерден «Педагогтің біліктілік санатының жоғарылауымен оқушыларының білім сапасы жақсарады деп санайсыз ба?» деген сұраққа жауап беруді өтіндік. Педагог-шебер санатындағы 31НС респондент оқушының білім сапасы мұғалімнің тақырыпты терең түсіндіріп, оқушыны қызықтыра білуіне, шеберлігіне байланысты деген тұжырым жасады. Өз тәжірибесін мысалға ала отырып, мұғалімнің біліктілік санаты мен оқушылардың білім сапасы тікелей байланысты емес деген пікірге келді. 31ӨГ педагог-модератор санатындағы жас маман да осы пікірге қосылды. 5ӨҚ педагог-модератор: «Бұл жерде мынандай фактор бар деп ойлаймын. Егер де біліктілік санатының талаптарына сәйкес құжаттарды жинау үшін бір-бір шарадан өткізіп, сонымен ғана шектеліп, әрі қарай өзі кәсіби тұрғыда дамымаса, ол сабағын да сондай деңгейде өткізеді деп ойлаймын. Ал егер мұғалім үнемі даму үстінде болса, зерттеу үстінде болса, оның сабақтары сәйкесінше жоғары деңгейде өтеді». ІГС педагог-сарапшы де біліктілік санатының жоғары болуы оқушылардың білім сапасына ықпал етпейтінін айта келе, кейбір мұғалімдер аттестаттау уақыты жақындағанда, оқушылардың білім сапасы көрсеткіштерін жасанды түрде көтеретінін айтты.

Жалпы алғанда, фокус-топта сұхбатқа қатысқан мұғалімдердің барлығы дерлік біліктілік санатының жоғары болуы оқушылардың білім сапасының да жоғары болуына кепілдік бермейтініне келіседі.

«Аттестаттауға дайындық пен сіздің кәсіби дамуыңыздың арасында қандай байланыс бар?» деген сұрақ та респонденттерді ойландырды. 31НС аттестаттау мерзімі жақындағанда, талаптар бойынша тиісті дәлелдемелердің болуына жұмыс істейтінін айтты. Ал енді біліктілік санатына дайындық барысы мен кәсіби даму арасындағы тікелей байланыс туралы дәлелді пікір айта алмады. Мұғалім-сарапшы санатына дайындалып жүрген 31ЕӨ да аттестаттауға дайындық кезінде өзінің кәсіби дамуына нақты дәлелдер келтіре алмады. ІМД педагог-сарапшы аттестаттауға дайындық пен кәсіби даму арасында байланыс жоқ деп, үзілді-кесілді өз пікірін білдірді. ІЖМ да осы пікірді қолдады. Педагог-зерттеуші үшін мақала жариялау талабы бар. Мұғалім өзінің әдістемелік тақырыбы бойынша мақала жазайын десе, ол журналдың талабына сәйкес келмейді, баспаға қабылдамайды. Еріксіз басқа тақырыпқа, мүлде өзін қызықтырмайтын мәселеге мақала жазады. 2МГ болашақ педагог-сарапшы аттестаттауға дайындық барысында кәсіби даму да жүріп жатады деген пікірде.

Мұғалімнің аттестаттауға дайындығы мен кәсіби дамуы арасындағы байланыс туралы респонденттердің пікірлері екіге жарылды. Аттестаттауға

дайындық пен кәсіби даму арасында байланыс жоқ деп санайтындар аттестаттауға дайындық талаптары мен мұғалімдердің кәсіби даму мақсаттары өзара қабыса бермейтінін айтады. Аттестаттауға дайындық пен мұғалімнің кәсіби дамуы арасында байланыс бар деп санайтын респонденттер аттестаттауға дайындық кезінде мұғалім ізденіс үстінде болатынына назар аудартады.

### **Қаржыландыру туралы ақпарат**

Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары Білім Министрлігінің Ғылым комитеті (Грант № АР19679296) тарапынан қаржыландырылған.

### **Қорытынды**

Зерттеу барысында педагогтердің кәсіби дамуына аттестаттаудың ықпалы туралы мұғалімдердің көзқарастары талдауға түсіп, осы мәселеге қатысты проблемалар сараланды. Маңызды мәселелердің бірі мұғалімдердің көпшілігінде педагогтің басты қызметі сыныптағы оқыту және оқушыларға сапалы білім беру екендігіне басымдық береді. Жалпы алғанда, білім саласындағы жаңашылдықтар мен реформалардың барлығы да оқушыға сапалы білім беруге бағытталған. Мұғалімдердің басым бөлігі аттестаттау мен өздерінің кәсіби дамуын бір-бірінен бөліп қарайды. Оның басты себептері аттестаттау талаптарына сәйкес дәлелдеме ұсынудағы мұғалімдерге кездесетін кедергілер; мұғалімдердің «Педагог» кәсіптік стандарты, аттестаттау қағидалары сияқты тағы да басқа құжаттарды жете зерделеуінде болып отыр. Демек, мұғалімдер арасында нормативті құжаттарды таныстыру, талқылауға қатысты іс-шаралар жүргізілуі керек. Мұғалімдер «Педагог» кәсіптік стандарты негізінде өздерінің сатылы кәсіби дамуының навигаторы жатқанын түсінген жағдайда, өзінің кәсіби дамуын аттестаттаудан бөліп қарамай, жоспарлы түрде жүзеге асыратын болады деп ойлаймыз. Сондықтан да мұғалімдерге кәсіби даму және оған ықпал ететін факторлар туралы әдістемелік ұсынымдар қажет. Сонымен бірге мұғалімдер өз зерттеулерінің нәтижелерін ғылыми басылымдарға ұсыну барысында да кедергілерге ұшырайды. Авторлық бағдарламаларды дайындау, апробациядан өткізу, ұсыну кезінде де әдістемелік-ұйымдастырушылық қиындықтарға тап болады. Аттестаттау педагогтің біліктілік деңгейін анықтау үшін жүргізілетін рәсім болғандықтан, мұғалімнің өз кәсіби дамуын көрсететін дәлелдемелерді кедергісіз ұсынуына мүмкіндіктің бар я жоқтығы да ескерілуі керек. Қабылданған нормативтік құжаттарда білім саласының дамуы, педагог мәртебесі, оның кәсіби дамуы өзара байланысты жүйе ретінде қаралады. Демек, ол жүйенің өміршең болып жұмыс істеп кетуі үшін жүйенің

барлық элементтері жұмыс істеуі керек. Аттестаттау проблемалары жеке мұғалімнің ғана проблемасы емес.

### Пайдаланылған деректер тізімі

1 Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы.

2 **Pajares, F.** Teachers' beliefs and educational research: cleaning up a messy construct [Текст] // Review of Educational Research 62. – 1992. – №62. – С. 307 – 332.

3 **Badri, M., Ali, A., Guang, Y., Asma, A. R., and Rabaa, A.** A structural equation model of determinants of the perceived impact of teachers' professional development – the Abu Dhabi application [Текст] // Sage Open. – 2017. – № 2. – 7:215824401770219. <https://doi.org/10.1177/2158244017702198>

4 **Hakim, B. M.** Teacher evaluation as a tool for professional development: A case of Saudi Arabia [Текст] Advances in Language and Literary Studies. – 2015. – № 6(5). – С. 97–103. <https://doi.org/10.7575/aiac.all.v.6n.5p.97>

5 **Zhang, X., and Ng, H.** An effective model of teacher appraisal [Текст], Educational Management Administration & Leadership. – 2016. – №2(45). – С. 196–218. <https://doi.org/10.1177/1741143215597234>

6 **Fordham, E., Kirsteen, H., Looney, A., Kitchen, H., and Maghnouj, S.** Teacher appraisal in Romania: ensuring appraisal supports teachers' professional development [Текст] OECD Publishing. – 2017. – С.121 – 166. <https://doi.org/10.1787/9789264274051-7-en>

7 **Hilton, A., Geoff, H., Shelley, D., and Merrilyn, G.** School leaders as participants in teachers' professional development: the impact on teachers' and school leaders' professional growth [Текст] Australian Journal of Teacher Education. – 2015. – № 12(40). <https://doi.org/10.14221/ajte.2015v40n12.8>

8 **Koach, B. Ch.** The effect of frequency of teacher performance appraisal activities on teacher progression in Bomet County, Kenya [Текст] East African Journal of Education Studies. – 2023. – № 3. – С. 304–310. <https://doi.org/10.37284/eajes.6.3.1577>

9 **Otieno, T., Matula, Ph., and Ursulla, A. O.** Professional development appraisal and teacher performance among secondary schools in Migori county [Текст] International Journal of Scientific Research and Management.-2021.-№ 11(9). – С.1973–1982. <https://doi.org/10.18535/ijerm/v9i11.e102>

10 **Ablayeva, M.** Teacher Appraisal for Professional Learning: Perspectives and Perceptions from One Secondary School in Kazakhstan [Текст] //, Unpublished Doctoral Dissertation, Nazarbayev University. – 2022.

11 **Darling-Hammond, L.** One Piece of the Whole Teacher Evaluation as Part of a Comprehensive System for Teaching and Learning [Текст] American Educator. – 2014.

12 **Комарова, Т. С.** Профессиональный стандарт педагога: сравнительный анализ оценки профессиональной деятельности в зарубежных странах//Кант. Педагогические науки. Декабрь 2020 г. № 4(37): – С409–418

13 **Lew, M. M., & Munira, M.** How do Pre-service Teachers Develop Understanding of Student Learning through Action Research Project/// Proceda a-Social and Behavioral Sciences. – 2014. – № 114. – С. 877–882.

### References

1 Qazaqstan Respublikasynda mекteпke deingі, орта, tehnikalyq және kәсіptіk bіlіm berudi damytudyñ 2023 – 2029 jyldarға арналған тұjыrymdamasyn bekitu туралы Qazaqstan Respublikasy Үкіmetінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 qaulysy [Resolution No. 249 of the Government of the Republic of Kazakhstan dated March 28, 2023, on the approval of the Concept for the Development of Preschool, Secondary, Technical, and Vocational Education in the Republic of Kazakhstan for 2023-2029].

2 **Pajares, F.** Teachers' beliefs and educational research: cleaning up a messy construct [Text] // Review of Educational Research 62. – 1992. – № 62. – P. 307 – 332.

3 **Badri, M., Ali, A., Guang, Y., Asma, A. R., and Rabaa, A.** A structural equation model of determinants of the perceived impact of teachers' professional development – the Abu Dhabi application [Text] // Sage Open. – 2017. – № 2. – 7:215824401770219. <https://doi.org/10.1177/2158244017702198>

4 **Hakim, B. M.** Teacher evaluation as a tool for professional development: A case of Saudi Arabia [Text] Advances in Language and Literary Studies. – 2015. – № 6(5). – P. 97–103. <https://doi.org/10.7575/aiac.all.v.6n.5p.97>

5 **Zhang, X., and Ng, H.** An effective model of teacher appraisal [Text], Educational Management Administration & Leadership. – 2016. – № 2(45). – P.196–218. <https://doi.org/10.1177/1741143215597234>

6 **Fordham, E., Kirsteen, H., Looney, A., Kitchen, H., and Maghnouj, S.** Teacher appraisal in Romania: ensuring appraisal supports teachers' professional development [Text] OECD Publishing. – 2017. – P.121–166. <https://doi.org/10.1787/9789264274051-7-en>

7 **Hilton, A., Geoff, H., Shelley, D., and Merrilyn, G.** School leaders as participants in teachers' professional development: the impact on teachers' and school leaders' professional growth [Text] Australian Journal of Teacher Education.-2015.-№12(40). <https://doi.org/10.14221/ajte.2015v40n12.8>

8 **Koech, B.** Ch. The effect of frequency of teacher performance appraisal activities on teacher progression in Bomet County, Kenya [Text] East African Journal of Education Studies. – 2023. – № 3. – P.304–310. <https://doi.org/10.37284/eajes.6.3.1577>

9 **Otieno, T., Matula, Ph., and Ursulla, A. O.** Professional development appraisal and teacher performance among secondary schools in Migori county [Text] International Journal of Scientific Research and Management. – 2021. – №11(9). – PC.1973-1982. <https://doi.org/10.18535/ijstrm/v9i11.e102>

10 **Ablayeva M.** Teacher Appraisal for Professional Learning: Perspectives and Perceptions from One Secondary School in Kazakhstan [Text] //, Unpublished Doctoral Dissertation, Nazarbayev University. – 2022.

11 **Darling-Hammond, L.** One Piece of the Whole Teacher Evaluation as Part of a Comprehensive System for Teaching and Learning [Text] American Educator.-2014.

12 **Komarova, T. S.** Professional'ny`j standart pedagoga: sravnitel'ny`j analiz ocenki professional'noj deyatel'nosti v zarubezhny`x stranax [Professional standard for teachers: A comparative analysis of the evaluation of professional activities in foreign countries] //Kant. pedagogicheskie nauki. December. – 2020, No. 4(37): pp. 409-418.

13 **Lew, M. M., & Munira, M.** How do Pre-service Teachers Develop Understanding of Student Learning through Action Research Project/// Proceda a-Social and Behavioral Sciences. – 2014. – № 114. – P.877–882.

07.10.24 ж. баспаға түсті.

21.10.24 ж. түзетулерімен түсті.

12.11.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

\*Қ. Т. Бибеков<sup>1</sup>, А. Қ. Жұмыкбаева<sup>2</sup>, М. К. Аблаева<sup>3</sup>

<sup>1</sup>АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы»,  
Республика Казахстан, г. Астана

<sup>2</sup>АО "Национальный Центр Повышения Квалификации «Өрлеу»,  
Республика Казахстан, г. Астана

<sup>3</sup>АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы»,  
Республика Казахстан, г. Астана

Поступило в редакцию 07.10.24.

Поступило с исправлениями 21.10.24.

Принято в печать 12.11.24.

## МНЕНИЯ УЧИТЕЛЕЙ О ВЛИЯНИИ АТТЕСТАЦИИ НА ИХ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ

*Взаимосвязь между оценением учителей и профессиональным развитием является важной областью исследования, поскольку процессы оценивания могут существенно влиять на рост и эффективность учителей. При эффективной разработке системы оценивания могут стимулировать профессиональное развитие, улучшая как методы преподавания, так и результаты учащихся. В этом исследовании изучается восприятие учителями средних школ влияния оценки (аттестации) учителей на их профессиональное развитие в Казахстане. Учитывая малое количество масштабных эмпирических исследований в этом контексте, это исследование направлено на устранение этого пробела. Интервью в фокус-группах проводились в десяти школах, охватывающих русскоязычные, казахскоязычные, сельские и городские школы в Астане и Атырау, наряду с анализом соответствующих документов, связанных с оценением. Результаты показывают, что большинство учителей рассматривают процесс оценивания отдельно от своего профессионального развития, с незначительной воспринимаемой связью между ними. Учителя не наблюдают существенных изменений в своем опыте преподавания в классе, несмотря на свою более высокую квалификацию. Исследование также показало, что более высокая квалификационная категория не обязательно гарантирует улучшение результатов обучения учащихся. В статье обсуждаются последствия для педагогов, исследователей и политиков, а также предлагаются рекомендации по лучшему согласованию систем оценивания с профессиональным ростом.*

*Ключевые слова: аттестация учителей, оценивание учителей, профессиональное развитие, качество образования, квалификация учителей.*

\*К. Т. Bibekov<sup>1</sup>, А. К. Zhumykbayeva<sup>2</sup>, М. К. Ablayeva<sup>3</sup>

<sup>1</sup>CPM AEO NIS,

Republic of Kazakhstan, Astana;

<sup>2</sup>JSC National Center for Advanced Studies Orleu,

Republic of Kazakhstan, Astana;

<sup>3</sup>CPM AEO NIS,

Republic of Kazakhstan, Astana.

Received 07.10.24.

Received in revised form 21.10.24.

Accepted for publication 12.11.24.

### TEACHERS' VIEWS ON THE INFLUENCE OF APPRAISAL ON THE PROFESSIONAL DEVELOPMENT OF TEACHERS

*The relationship between teacher appraisal and professional development is a crucial area of inquiry, as evaluation processes can significantly impact teachers' growth and effectiveness. When designed effectively, appraisal systems can drive professional development, improving both teaching practices and student outcomes. This study examines secondary school teachers' perceptions of the impact of teacher appraisal (attestation) on their professional development in Kazakhstan. Given the lack of large-scale empirical studies in this context, this research aims to address that gap. Focus-group interviews were conducted in ten schools, encompassing Russian, Kazakh-speaking, rural, and urban schools in Astana and Atyrau, alongside analyzing relevant appraisal-related documents. The findings reveal that most teachers view the appraisal process as separate from their professional development, with little perceived connection between the two. Teachers do not observe significant changes in their classroom teaching experiences despite their higher qualifications. The study also found that a higher qualification category does not necessarily guarantee improved student learning outcomes. The paper discusses implications for educators, researchers, and policymakers, offering recommendations to better align appraisal systems with professional growth.*

*Keywords: teacher attestation, teacher appraisal, professional development, quality of education, teacher qualification.*

FTAMP 14.35.07

<https://doi.org/10.48081/AZAA1893>

\*Н. А. Кожамбердиева<sup>1</sup>, А. М. Кудайбергенова<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

\*e-mail: [nurzada\\_k8@mail.ru](mailto:nurzada_k8@mail.ru)

<sup>1</sup>ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-6261-1448>

<sup>2</sup>ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9551-3073>

### БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН БАҒАЛАУ МОДЕЛЬДЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

*Бұл зерттеу оқу бағдарламаларын бағалаудың негізгі модельдерін қарастыруға бағытталған. Білім беру бағдарламалары білім беру процесінің барлық қатысушылары үшін ашық мақсаттар мен нұсқауларды қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. «Бағдарламаны бағалау» термині алғаш рет Америка Құрама Штаттарында пайда болды, содан бері бағдарламалардың өз мақсаттарына сай келетінін тексеру үшін көптеген модельдер мен әдістер әзірленді. Зерттеу жалпы қабылданған және аз зерттелген бағалау модельдерін қарастырады. Талдау олардың теориялық негіздері мен практикалық қолданылуын қамтиды және әрбір модельдің артықшылықтары мен кемшіліктерін талқылайды.*

*Кейбір модельдердің қалай дамығанына немесе сынга ұшырағанына ерекше назар аударылады. Бұл білім беру жүйесінің өзгермелі қажеттіліктеріне жауап беретін әдістердің тұрақты эволюциясын және осы бағдарламалар қолданылатын контексттердің әртүрлілігін көрсетеді. Кейбір модельдер кейінгі зерттеулерге негіз болды, ал басқалары іске асыру қиындығына байланысты күмән тудырды. Қорытындылай келе, сәйкес бағалау үлгісін таңдау бірнеше факторларға байланысты екендігі атап өтіледі: бағдарламаның контекстіне, оның мақсаттарына және күтілетін нәтижелерге. Бұл нақты білім беру жағдайлары мен міндеттері үшін әдістерді дәлірек таңдауға мүмкіндік береді.*

*Кілтті сөздер: білім беру, білім беру бағдарламалары, білім беру бағдарламаларын бағалау, бағалау модельдері, бағалау әдістері.*

## Кіріспе

Заманауи білім беру бағдарламалары білім алушыларды тез өзгеретін әлемде кәсіби қызметке және өмірге дайындауда маңызды рөл атқарады. Соңғы онжылдықтарда технологияның жедел дамуына, жаһандануға және еңбек нарығындағы өзгерістерге байланысты оқу орындарының түлектеріне қойылатын талаптарда айтарлықтай өзгерістер болды. Мұндай жағдайда білім беру бағдарламалары тек білім беріп қана қоймай, сонымен қатар білім алушылардың сыни ойлауын, шығармашылық қабілетін дамытуға және жаңа жағдайларға бейімделуіне ықпал етуі керек.

Білім беру бағдарламаларының табысты жұмыс істеуінің негізгі аспектілерінің бірі оларды жүйелі түрде бағалау және жетілдіру болып табылады. Бұл білім алушылардың үлгерімін өлшеуге ғана емес, сонымен бірге бағдарламаның жалпы тиімділігін, оның ішінде олардың тұлғалық дамуы мен кәсіби дағдыларына әсерін бағалауға мүмкіндік беретін жүйелі тәсілдерді қолдануды талап етеді. Бұл тұрғыда білім беру үдерісінің нәтижелерін жан-жақты талдауға және оны жетілдіру бойынша ұсыныстарды қалыптастыруға мүмкіндік беретін бағалау модельдеріне ерекше назар аударылады.

Оқу жоспарын бағалау көптеген бағдарламаларды, әсіресе білім беру бағдарламаларын бағалаудың маңызды бөлігі болып табылады. «Бағдарламаны бағалау» термині 1960 жылдары АҚШ-та пайда болды, онда үкімет нәсілдік әділетсіздік пен кедейлікті жоюға тырысты [1, 14-б.].

Бағалаудың салыстырмалы түрде қысқа, бірақ бай тарихында бағалаудың әртүрлі әдістері әзірленді. Білім берудегі бағалау ғылыми ортаның сынына да, мақтауына да ие болды. Көптеген авторлар білім беруде бағалауды қолдануға күмәнмен қарап, бағалау теориясын тәжірибеге енгізудің қиындықтарын талқылады. Бағалаудың алғашқы жылдарынан бастап бағдарламаны бағалау бірнеше себептерге байланысты проблемалық мәселе болып саналды. Бағалау құралдарының практикалық еместігі, білім алушылардың бағалау үдерісіне қатысуының жеткіліксіздігі, жауап беру деңгейінің төмендігі және оқытушылардың төмен міндеттемесі бағдарламаны бағалаудың тиімді екендігіне күмән келтіретін мәселелердің бірі болып табылады. Бұрын бағдарламаны бағалау көп уақытты қажет ететін, күмәнді нәтижелері мен күрделі процестері бар монотонды процедура ретінде сипатталды. Басқалары бағалауды оқу жоспарын құрастырудың, әзірлеудің және енгізудің қажетті, бірақ күрделі құрамдас бөлігі ретінде қарастырды [2; 51-б.]. Дәстүрлі түрде бағалаудың күрделілігіне баса назар аударылады және осы себепті бағалау білім беру бағдарламасын әзірлеудің ең аз қарастырылған және елеусіз қалған бөлігі болды.

Білім беру бағдарламаларын бағалаудың қолданылуы мен тиімділігіне қатысты қарама-қарсы пікірлерге қарамастан, алғашқы және кейінгі авторлар арасында бағалау білім беру үдерісінің маңызды бөлігі деп саналады. Бүкіл XX ғасырда білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарларын бағалаудың дәйекті әрекеттері осы себептен болуы мүмкін.

Бұл мақаланың мақсаты білім беру бағдарламаларын бағалаудың тарихына шолу жасау және оның қазіргі заманғы бағалауға қосқан үлесін көрсету.

## Материалдар мен әдістер

Шығарылу жылдарына шектеусіз жан-жақты әдебиеттерге шолу жасалынды. Іздеу ProQuest, Google Scholar, ERIC және eLibrary дерекқорларында кілттік сөздерді (саралау, білім беру, оқу жоспарын бағалау, бағалау үлгілері) пайдалана отырып жүргізілді. Талдау білім беру бағдарламаларын бағалаудың теориялары мен әдістерін және бағалау модельдерін тәжірибеге енгізуді сипаттайтын мақалалар мен әдебиеттер қамтыды.

## Нәтижелер және талқылау

Әдебиеттерді шолу білім беру бағдарламасын бағалаудың әртүрлі модельдерін анықтады, олардың барлығы осы саланың дамуына елеулі үлес қосты.

Дональд Киркпатриктің классикалық моделі білім беру бағдарламаларын және кәсіби біліктілікті арттыру бағдарламаларын бағалауда ең танымал модельдердің бірі болып табылады. Киркпатрик моделі төрт деңгейге негізделген: қатысушылардың жауабы, оқу нәтижелері, мінез-құлықтағы өзгерістер және ұйымдық нәтижелер. Бірқатар зерттеулерде бұл модельдің әсіресе қысқа мерзімді бағдарламалар үшін тиімді екені атап өтілген [3, 266-274-б.]. Дегенмен, кейбір жұмыстарда ұйымдық нәтижелерді бағалаудың күрделілігі сынға алынған.

Ральф Тайлердің моделі білім беру бағдарламасының мақсаттары мен алынған нәтижелердің сәйкестігіне бағытталған [4, 120-б.]. Бұл модель оқу орындарында оқу мақсаттары мен олардың орындалуын қатаң талдау қажет болған жағдайларда кеңінен қолданылады [5, 45–52-б.]. Тайлердің білім беру бағдарламаларын бағалауға қосқан үлесі қазіргі заманғы бағалау әдістерінің дамуына негіз болды.

Майкл Скривен қалыптастырушы және жиынтық бағалау ұғымдарын енгізді. Қалыптастырушы бағалау бағдарламаны жүзеге асыру барысында оны жақсартуға, ал жиынтық бағалау бағдарлама аяқталғаннан кейін нәтижелерді бағалауға арналған [6, 8–б.].

Дэниел Стаффлбеамның CIPP (контекст, енгізу, үдеріс, өнім) моделі де маңызды әдістердің бірі болып табылады. Бұл модель бағдарламаны көп деңгейлі талдау арқылы бағалауға мүмкіндік береді, нәтижелерді ғана емес, бағдарламаның контекстін, үдерістерін және қолданылған ресурстарын да қамтиды [7, 31-62-б.]. Стаффлбеам өзінің еңбегінде бұл тәсіл бағдарламаның сәттілігін бағалап қана қоймай, оны үздіксіз кері байланыс арқылы жетілдіруге көмектесетінін атап өткен.

Құзыреттілікке негізделген бағалау тәсілі соңғы жылдары танымал бола бастады, мұны Джон Биггс пен Дэвид Боуд зерттеулері көрсетеді. Олар тек теориялық білімді ғана емес, сонымен қатар практикалық дағдыларды да бағалаудың маңыздылығын атап өтті [8; 9]. Бұл тәсіл кәсіби білім беруде кеңінен қолданылып келеді, дегенмен, оны енгізу айтарлықтай ресурстарды қажет етеді және құзыреттерді бағалау үшін дәл критерийлерді әзірлеу қиындық тудырады.

Аралас бағалау әдістері Дженифер Грин және Мишель Марктың зерттеулерінің арқасында кеңінен таралды. Бұл әдістер сандық және сапалық деректерді біріктіру арқылы білім беру бағдарламаларының әсерін кешенді бағалауға мүмкіндік береді [10; 11]. Әдебиеттерде аралас әдістер білім алушылардың тәжірибесінің когнитивті және эмоционалды аспектілерін қамтуға мүмкіндік беретінін атап өтілген [12, 112-133-б.].

Бағалау процесіне қатысушылардың, әсіресе білім алушылар мен оқытушылардың қатысуы туралы да әдебиеттерде айтылады. Грэхэм Гиббс және Тарик Джасперс зерттеулері білім алушылар мен оқытушылардың бағалау процесіне белсенді қатысуының маңыздылығын көрсетеді [13; 14]. Алайда, көптеген ғалымдар білім алушылардың бағалауға қатысуға ынтасының төмен екенін және бұл объективті деректерді алуды қиындататынын атап өтті [15, 528-541-б.].

Форузанде басқа ғалымдармен бірігіп тоғыз ірі университетте магистратура деңгейіндегі TEFL бағдарламаларын бағалайтын ауқымды зерттеу жүргізді. Алғаш рет 1987 жылы әзірленген және осы университеттерде қолданылған ресми оқу бағдарламасы CIPP үлгісі арқылы бағаланды. Зерттеуге 68 аспирант, 34 оқытушы және жоғары оқу орнының әкімшілігінен 9 өкіл қатысты. Мәліметтер сауалнамалар, сұхбаттар және жазбаша жауаптардың үш жиынтығы арқылы жиналды. Форузанде және т.б. табылған бағдарламаның негізгі мақсаттарына қатысты қатысушылар арасында келісімнің жоқтығы, сонымен қатар, іске асырылған оқу бағдарламасының ресми бағдарламамен жартылай үйлесетіні анықталды. Қатысушылар бағдарламаларды жеткізуді реформалау, ресми оқу жоспарын қайта қарау және іріктеу жүйесін түбегейлі қайта қарау қажеттігін айтты [16, 11-б.].

Новиков бойынша бағалауды төрт кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең – мақсат қою, ол мақсаттар мен міндеттерді белгілеуді қамтиды. Келесі, жобалау кезеңі, зерттеудің осы кезеңінде, сарапшыны тандау, сонымен қатар мәселенің формальды аспектілерін шешу болып табылады. Келесі кезеңге көшу, статистикалық, бұл осы кезеңде эксперименттің өзі орын алатын маңыздылығын атап өту керек - зерттеу. Қорытынды кезеңге, бағалауға көшкенде, өнімді процестің кепілі ретінде жүргізіліп жатқан үдерістің маңыздылығы мен дәлдігін атап өткен жөн [17, 104-109-б.].

«Қазақстан жоғары оқу орындарындағы «Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім беру бағдарламаларын талдау және бағалау» мақаласында Ш. А. Есимова мен Д. Н. Ергалиев білім беру бағдарламаларын қазіргі экономикалық жағдайларға және еңбек нарығының талаптарына бейімдеудің маңыздылығын атап өтті. Авторлар курстар мазмұнын цифрлық экономика, тұрақты даму сияқты өзекті бағыттармен сәйкестендіру қажеттілігін және бағдарламаларды әзірлеуге жұмыс берушілер мен мемлекеттік органдар сияқты әлеуметтік серіктестерді тартудың маңыздылығын көрсетеді. Бұл білім беруді тәжірибеге бағыттауға мүмкіндік береді: тағылымдамалар, жобалық жұмыстар және нақты тәжірибеден алынған кейстерді қолдану арқылы. Зерттеушілер білім беру бағдарламаларының сапасын білім алушылар мен жұмыс берушілердің кері байланысын ескере отырып жүйелі түрде бақылауды күшейтуді және мемлекеттік және жергілікті басқару саласындағы өзгерістерге байланысты оқу жоспарларын үнемі жаңартып отыруды ұсынады [18, 145-164-б.].

Білім беру бағдарламаларын бағалау – білім сапасын арттырудағы маңызды құрал. Әдеби шолу нәтижелері қазіргі қолданыстағы модельдердің әрқайсысының өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері бар екенін көрсетеді. Қысқа мерзімді бағдарламаларды бағалау үшін бірқатар модельдер тиімді болғанымен, ұзақ мерзімді нәтижелерді анықтау және бағалау қиындық тудыруы мүмкін.

Білім беру бағдарламаларының тиімділігі мен оларды бағалауда контекст пен мәдениеттің әсері де маңызды рөл атқарады. Мәдени, әлеуметтік және экономикалық факторларды түсіну нақты аудиторияға қолайлы бағдарламаларды жасауға мүмкіндік береді. Технологиялық инновациялар бағалаудың жаңа мүмкіндіктерін береді, бірақ этика және деректердің құпиялылығы тұрғысынан м-ұқият қарауды талап етеді.

Бағалау модельдерінің даму тарихы құрылым мен икемділік, объективтілік пен субъективтілік арасындағы тепе-теңдікті табуға тұрақты ұмтылысты көрсетеді. Өртүрлі әдістердің күшті және әлсіз жақтарын түсіну нақты мақсаттар мен шарттар үшін ең қолайлы әдістерді тандауға мүмкіндік

береді. Болашақ зерттеулер білім сапасын арттыру және білім алушыларды заманауи әлемде өркендеуге дайындау үшін интеграциялық модельдерді әзірлеуге, бағалаушыларды дайындауға және пәнаралық ынтымақтастықты арттыруға бағытталуы керек.

### Қорытынды

Осы саладағы ғалымдар мен зерттеушілер бағдарлама мен оқу жоспарын бағалаудың бірнеше модельдерін ұсынды. Бұл модельдердің кейбіреулері жан-жақты зерттелсе, басқалары аз зерттелді. Сол сияқты, олардың кейбіреулері сынға ұшыраған. Дегенмен, барлық бағалау модельдерінің мақсаты, бағдарламаның немесе оқу жоспарының өз мақсаттарына қол жеткізгенін анықтау болып табылады. Білім беру бағдарламаларын бағалаудың қазіргі заманғы әдістері олардың икемділігі мен тиімділігін арттыруға бағытталған және бағалаудың жаңа модельдері ресурстық мәселелерді ескере отырып, бағдарламалардың барлық аспектілерін қамтуға мүмкіндік береді. Бағалау әдістерінің әртүрлілігі, оларды қолдану қиындықтарына қарамастан, білім беру сапасын жақсарту үшін тиімді құрал болып табылады. Шындығында, зерттеушілер күтілетін нәтиже мен нақты бағдарлама нәтижелері арасындағы біртұтас себеп-салдар байланысын іздемейді. Олар сәйкестік, тиімділік, құндылық және құзыреттілік сияқты ұғымдарға басымдық береді [2, 188-189-б.].

Бағалау жүйесінің басты мәселесі – икемділік пен үздіксіз жетілдіру мүмкіндігі. Заманауи білім беру бағдарламалары еңбек нарығы мен қоғамның өзгермелі талаптарына сай бейімделуі қажет. Сонымен қатар, бағалау процесінде білім алушылар мен оқытушылардың белсенді қатысуы үлкен рөл атқарады, себебі бұл бағдарламалардың тиімділігін арттырады. Дегенмен, мотивацияның төмендігі және ресурстардың шектеулілігі бағалау нәтижелерінің толықтығына кедергі келтіруі мүмкін.

Қазіргі Қазақстанда білім беру бағдарламаларын бағалау модельдерінің қорытындылары білім беру сапасын арттыру, оқу үдерісін жетілдіру және еңбек нарығының талаптарына бейімделу үшін кеңінен қолданылады. Бағалау нәтижелері арқылы бағдарламалардың күшті және әлсіз жақтары анықталып, олардың мазмұны мен құрылымы заманауи талаптарға сәйкестендірілуде. CIPP моделі білім беру бағдарламаларын көпқырлы бағалауға мүмкіндік беріп, олардың тиімділігі мен ресурстарды пайдалану сапасын анықтайды. Тайлердің мақсатқа бағытталған моделі оқу мақсаттарының бағдарламаның нәтижелерімен сәйкестігін талдауға негіз болады және білім беру стандарттарын қайта қарауға ықпал етеді. Бұл модельдер цифрлық трансформацияны жүзеге асыруға, оқу мазмұнын цифрлық экономика мен тұрақты даму бағыттарына бейімдеуге, сонымен қатар онлайн оқыту

құралдарын енгізуге жол ашады. Бағалау қорытындылары түлектердің еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін оқу бағдарламаларына жұмыс берушілердің талаптарын ескеруді және практикалық дағдыларды дамытуға бағытталған компоненттерді енгізуді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, халықаралық аккредитация стандарттарына негізделген бағалау нәтижелері жоғары оқу орындарын халықаралық деңгейге жақындатып, оқу орындарын интернационализациялау үдерісін күшейтеді. Бағалау қорытындылары оқу бағдарламаларын үздіксіз жетілдіруге, оқытушылардың кәсіби дамуын қолдауға және оқу орындарының материалдық-техникалық базасын жақсартуға мүмкіндік береді. Осылайша, білім беру бағдарламаларын бағалаудың заманауи модельдері Қазақстанның жоғары оқу орындарын жаңғыртуға және қоғамның өзгермелі қажеттіліктеріне жауап беруге тиімді негіз бола алады.

Бағалау тарихының бізге берген тәжірибесі мен білімі бүгінгі бағалаушыларға икемділікті қолдайтын және таптаурындарды жоятын инновациялық әдістер мен модельдер арқылы бағалауға жол ашуға көмектесті.

Болашақта олардың білім алушыларға және жалпы білім беру ұйымдарына әсерін дәлірек және жан-жақты бағалауға мүмкіндік беретін жаңа әдістер мен құралдарды әзірлеу мақсатында білім беру бағдарламаларын бағалау саласындағы зерттеулерді жалғастыру ұсынылады. Атап айтқанда, білім беру контексттерінің әртүрлілігін ескеретін және табысты оқуға ықпал ететін факторларды тереңірек түсінуді қамтамасыз ететін интегративті бағалау үлгілерін құруға назар аудару қажет. Бұл білім беру бағдарламаларының сапасын арттырып қана қоймайды, сонымен қатар білім беру ұйымдарына қазіргі заманның сын-қатерлеріне тиімдірек бейімделуге, өз түлектеріне табысты кәсіби өмір үшін қажетті дағдылар мен құзыреттіліктерді беруге мүмкіндік береді.

### Пайдаланылған деректер тізімі

1 Rossi, P. H., Lipsey, M. W., Freeman, H. E. Evaluation : A Systematic Approach. – Thousand Oaks, CA: SAGE Publications, 1993. – P. 14

2 Grant-Haworth, J., Conrad, C.F. Emblems of Quality in Higher Education. Developing and Sustaining High Quality Programs. – Boston : Allyn and Bacon, 1997. – P. 51, 188–189.

3 Smidt, A., Balandin, S., Sigafos, J., & Reed, V. The Kirkpatrick Model: A useful tool for evaluating training outcomes // Journal of Intellectual & Developmental Disability. – 2009. – Vol. 34, No. 3. – P. 266–274.

4 **Tyler, R. W.** Basic Principles of Curriculum and Instruction. – Chicago : University of Chicago Press, 1949. – P. 120.

5 **Bobbitt, F.** The Curriculum: Its Rise and Function // Curriculum Inquiry. – 2004. – Vol. 34, No. 1. – P. 45–52.

6 **Scriven, M.** The methodology of evaluation // In R. E. Stake (Ed.), Curriculum Evaluation. – Chicago: American Educational Research Association Monograph Series on Evaluation No. 1. – Rand McNally, 1967. – P. 8.

7 **Stufflebeam, D. L.** The CIPP Model for Evaluation // In: International Handbook of Educational Evaluation / Ed. by T. Kellaghan, D. L. Stufflebeam. – Dordrecht: Springer, 2003. – P. 31–62.

8 **Biggs, J.** Teaching for Quality Learning at University (2nd ed.). – New York: McGraw-Hill Education, 2003. – P. 345.

9 **Boud, D.** Sustainable Assessment: Rethinking Assessment for the Learning Society // Studies in Continuing Education. – 2000. – Vol. 22, No. 2. – P. 151–167.

10 **Greene, J. C.** Combining qualitative and quantitative methods in social inquiry // In: Evaluation Studies: Review Annual, Vol. 12 / Ed. by W. K. Shadish, C. S. Reichardt. – Los Angeles: Sage, 1989. – P. 119–144.

11 **Mark, M. M., Greene, J. C.** The Benefits of Mixing Methods in Evaluation // Evaluation and Program Planning. – 2005. – Vol. 28, No. 2. – P. 197–208.

12 **Johnson, R. B., Onwuegbuzie, A. J., & Turner, L. A.** Toward a definition of mixed methods research // Journal of Mixed Methods Research. – 2007. – Vol. 1, No. 2. – P. 112–133.

13 **Gibbs, G.** Dimensions of Quality. – London: Higher Education Academy, 2010. – P. 200.

14 **Jaspers, T.** Student Participation in Evaluation: A Review of the Literature // Educational Assessment. – 2015. – Vol. 20, No. 4. – P. 301–324.

15 **Brown, G.** Student Evaluation of Teaching: Misuses, Flaws, and Remedies // Assessment & Evaluation in Higher Education. – 2015. – Vol. 40, No. 4. – P. 528–541.

16 **Foroozandeh, E., Riazi, A., Sadighi, F.** TEFL program evaluation at master's level in Iran // 2008. P. –11.

17 **Новикова, Т.** Экспертиза инноваций в образовании. Подготовка экспертов гражданских институтов // Народное образование. – 2009. – №4. – С. 104–109.

18 **Есимова, Ш. А., Ергалиев, Д. Н.** Анализ и оценка образовательных программ «Государственное и местное управление» в вузах Казахстана // Economy: strategy and practice. – 2023. – № 1. – С. 145–164.

## References

1 **Rossi, P. H., Lipsey, M. W., Freeman, H. E.** Evaluation: A Systematic Approach. – Thousand Oaks, CA: SAGE Publications, 1993. – P. 14

2 **Grant-Haworth, J., Conrad, C.F.** Emblems of Quality in Higher Education. Developing and Sustaining High Quality Programs. – Boston: Allyn and Bacon, 1997. – P. 51, 188–189.

3 **Smidt, A., Balandin, S., Sigafos, J., & Reed, V.** The Kirkpatrick Model: A useful tool for evaluating training outcomes // Journal of Intellectual & Developmental Disability. – 2009. – Vol. 34, No. 3. – P. 266–274

4 **Tyler, R. W.** Basic Principles of Curriculum and Instruction. – Chicago: University of Chicago Press, 1949. – P. 120.

5 **Bobbitt, F.** The Curriculum: Its Rise and Function // Curriculum Inquiry. – 2004. – Vol. 34, No. 1. – P. 45–52.

6 **Scriven, M.** The methodology of evaluation // In R. E. Stake (Ed.), Curriculum Evaluation. – Chicago: American Educational Research Association Monograph Series on Evaluation No. 1. – Rand McNally, 1967. – P. 8.

7 **Stufflebeam, D. L.** The CIPP Model for Evaluation // In: International Handbook of Educational Evaluation / Ed. by T. Kellaghan, D. L. Stufflebeam. – Dordrecht: Springer, 2003. – P. 31–62.

8 **Biggs, J.** Teaching for Quality Learning at University (2nd ed.). – New York : McGraw-Hill Education, 2003. – P. 345.

9 **Boud, D.** Sustainable Assessment: Rethinking Assessment for the Learning Society // Studies in Continuing Education. – 2000. – Vol. 22, No. 2. – P. 151–167.

10 **Greene, J. C.** Combining qualitative and quantitative methods in social inquiry // In: Evaluation Studies: Review Annual, Vol. 12 / Ed. by W. K. Shadish, C. S. Reichardt. – Los Angeles: Sage, 1989. – P. 119–144.

11 **Mark, M. M., Greene, J. C.** The Benefits of Mixing Methods in Evaluation // Evaluation and Program Planning. – 2005. – Vol. 28, No. 2. – P. 197–208.

12 **Johnson, R. B., Onwuegbuzie, A. J., & Turner, L. A.** Toward a definition of mixed methods research // Journal of Mixed Methods Research. – 2007. – Vol. 1, No. 2. – P. 112–133.

13 **Gibbs, G.** Dimensions of Quality. – London: Higher Education Academy, 2010. – P. 200.

14 **Jaspers, T.** Student Participation in Evaluation: A Review of the Literature // Educational Assessment. – 2015. – Vol. 20, No. 4. – P. 301–324.



15 **Brown, G.** Student Evaluation of Teaching : Misuses, Flaws, and Remedies // Assessment & Evaluation in Higher Education. – 2015. – Vol. 40, No. 4. – P. 528–541.

16 **Foroozandeh, E., Riazi, A., Sadighi, F.** TEFL program evaluation at master's level in Iran // 2008. P. –11.

17 **Novikova, T. E.** kspertiza innovacij v obrazovanii. Podgotovka e`kspertov grazhdanskix institutov [Expertise in educational innovation. Training of experts for civil institutions]. – Public Education – 2009. – №4. – P. 104–109.

18 **Esimova Sh. A., Ergaliev D. N.** Analiz i ocenka obrazovatel`ny`x programm «Gosudarstvennoe i mestnoe upravlenie» v vuzax Kazakhstana [Analysis and Evaluation of Educational Programs "State and Local Governance" in Universities of Kazakhstan]. – Economy : strategy and practice. – 2023. – № 1. – P. 145–164.

11.10.24 ж. баспаға түсті.

26.10.24 ж. түзетулерімен түсті.

26.11.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

\*Н. А. Кожамбердиева<sup>1</sup>, А. М. Кудайбергенова<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Қазақский национальный университет им. аль-Фараби,

Республика Казахстан, г. Алматы

Поступило в редакцию 11.10.24.

Поступило с исправлениями 26.10.24.

Принято в печать 26.11.24.

## ФОРМИРОВАНИЕ И РАЗВИТИЕ МОДЕЛЕЙ ОЦЕНКИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ

*Настоящее исследование посвящено обзору ключевых моделей оценки учебных программ. Учебные программы играют важную роль в обеспечении прозрачных целей и ориентиров для всех участников образовательного процесса. Термин «оценка программы» был впервые введен в США, и с тех пор было разработано множество моделей и подходов, направленных на проверку того, насколько программы соответствуют поставленным целям. В исследовании рассматриваются как широко признанные, так и менее изученные модели оценки. Анализ охватывает их теоретические основы и практическое применение, а также обсуждаются плюсы и минусы каждой модели.*

*Особое внимание уделяется тому, как одни модели развивались или подвергались критике со стороны других. Это демонстрирует постоянную эволюцию подходов в ответ на меняющиеся потребности образовательной системы и разнообразие контекстов, в которых эти программы применяются. Некоторые модели стали основой для последующих исследований, другие — подвергались сомнению из-за сложности реализации. В заключение подчеркивается, что выбор подходящей модели оценки зависит от нескольких факторов: контекста программы, её целей и ожидаемых результатов. Это позволяет более точно подбирать методы для конкретных образовательных условий и задач.*

*Ключевые слова: образование, образовательные программы, оценка образовательных программ, модели оценки, методы оценки.*

\*N. Kozhamberdıyeva<sup>1</sup>, A. Kudaibergenova<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Al-Farabi Kazakh National University,

Republic of Kazakhstan, Almaty

Received 11.10.24.

Received in revised form 26.10.24.

Accepted for publication 26.11.24.

## FORMATION AND DEVELOPMENT OF EDUCATIONAL PROGRAM EVALUATION MODELS

*This study provides a review of key models for evaluating educational programs. Curricula play a crucial role in establishing clear goals and guidelines for all participants in the educational process. The term «program evaluation» was first introduced in the United States, and since then, numerous models and approaches have been developed to assess the extent to which programs meet their objectives. The study examines both widely recognized and less explored evaluation models, analyzing their theoretical foundations and practical applications, while also discussing the strengths and weaknesses of each model.*

*Particular attention is given to how some models have evolved or been critiqued by others, highlighting the ongoing evolution of approaches in response to the changing needs of the education system and the diversity of contexts in which these programs are implemented. Some models have laid the foundation for further research, while others have been challenged due to their complexity in implementation. In conclusion, the*

*study emphasizes that selecting an appropriate evaluation model depends on several factors: the context of the program, its goals, and the expected outcomes. This allows for more precise selection of methods tailored to specific educational conditions and objectives.*

*Keywords: education, educational programs, program evaluation, evaluation models, evaluation methods.*

МРНТИ 14.35.09

<https://doi.org/10.48081/YERY7662>

**\*Г. Б. Саржанова<sup>1</sup>, К. Апше<sup>2</sup>, Д. Ж. Толуспаева<sup>3</sup>**

<sup>1,2,3</sup>Қарағандинский университет имени Е. А. Букетова,

Республика Казахстан, г. Караганда

\*e-mail: [dmn\\_tm@bk.ru](mailto:dmn_tm@bk.ru)

<sup>1</sup>ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-5064-2422>

<sup>2</sup>ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3461-8963>

<sup>3</sup>ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-6929-4792>

## **ЭФФЕКТИВНОСТЬ ЦИФРОВЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПЛАТФОРМ В ОБУЧЕНИИ КИТАЙСКОМУ ЯЗЫКУ**

*В эпоху цифровой трансформации образовательной системы применение цифровых технологий в обучении китайскому языку становится все более актуальным. Настоящая статья посвящена исследованию использования цифровых технологий в обучении китайскому языку. В данной статье представлен комплексный анализ влияния цифровых образовательных платформ на процесс изучения китайского языка. Исследование охватывает изучение функциональных возможностей платформ HelloChinese, Skritter, Coursera и edX, а также их пригодности и эффективности в образовательном контексте. Каждая из этих платформ предоставляет уникальные возможности для студентов, такие как структурированные уроки, интерактивные упражнения и системы мгновенной обратной связи, что способствует более глубокому погружению в процесс обучения и повышению уровня владения языком.*

*Кроме того, статистика прохождения курсов показала рост процента успешных завершений курсов на всех платформах, что отражает эффективность их использования в образовательном процессе. Увеличение успеваемости студентов и их позитивные отзывы подчеркивают важность цифровых технологий в современном обучении.*

*Приведенные данные свидетельствуют о высокой эффективности интеграции цифровых технологий в процесс обучения китайскому языку, способствуя повышению качества образовательного процесса и удовлетворенности студентов. Таким*

*образом, результаты исследования подчеркивают значимость цифровых образовательных технологий в обучении китайскому языку и открывают новые перспективы для их дальнейшего внедрения и оптимизации.*

*Ключевые слова: цифровые технологии, обучение китайскому языку, образовательные платформы, интерактивные методы, результативность обучения.*

### **Введение**

Современные технологии стремительно проникают во все сферы жизни, в том числе и в образование. В последние годы наблюдается значительный рост интереса к изучению китайского языка по всему миру. В данном контексте использование цифровых технологий открывает новые возможности для эффективного и увлекательного изучения китайского языка.

Традиционные методы обучения, такие как учебники и классические занятия с преподавателем, часто оказываются недостаточными для полной и всесторонней подготовки студентов. Китайский язык, с его уникальной системой иероглифов, тонами и грамматическими структурами, требует особого подхода, который может быть обеспечен через цифровые технологии. Кроме того, цифровые технологии до сих пор не получили широкого распространения для индивидуализации обучения, повышения мотивации студентов и упрощения монотонных процессов управления и обучения [1].

Важность профессионального общения на иностранном языке становится очевидной, когда изучаются основные концепции. Недостаточное знание языка для его передачи и изучения может стать проблемой, которая может помешать ученикам правильно использовать язык в реальной жизни [2]. Это способствует более глубокому пониманию культуры и контекста использования языка. Интерактивные платформы могут адаптироваться к индивидуальным потребностям каждого ученика, предлагая персонализированные маршруты обучения и задачи, что особенно важно для эффективного освоения китайского языка. Более того, такие технологии позволяют учителям отслеживать прогресс своих студентов в режиме реального времени, корректируя программу обучения по мере необходимости.

Актуальность использования цифровых технологий в обучении китайскому языку обусловлена несколькими факторами. Во-первых, традиционные методы обучения часто оказываются недостаточно

эффективными для освоения такого сложного языка. Во-вторых, цифровые технологии позволяют создавать интерактивные и персонализированные программы обучения, которые значительно повышают мотивацию и вовлеченность студентов. В-третьих, пандемия COVID-19 продемонстрировала необходимость использования онлайн-платформ и ресурсов для обеспечения непрерывности учебного процесса. В этом свете исследование возможностей и результативности цифровых технологий в обучении китайскому языку является весьма своевременным и актуальным [3].

Использование электронных ресурсов для формирования личности, обладающей интеллектуальными навыками и технологическими компетенциями будущего специалиста, важно для успешной адаптации к информационному обществу [4].

Казахстанские авторы как Г. К. Нургалиева, Д. К. Сулеев, Ж. М. Тусубаева рассматривают интернет-педагогика как отдельное направление в педагогике, функционирующее как поисковая система принципов обучения, основанная на обеспечении быстрого доступа ко всем электронным материалам дистанционного обучения для студентов разных специальностей, возраст и категория. Следует отметить, что информация и научные знания стали не только средством совершенствования общества, но и его основным продуктом, непосредственно связанным с социально-экономической деятельностью [4, с. 38].

### **Материалы и методы**

Для проведения исследования использовались различные образовательные платформы и приложения, предназначенные для обучения китайскому языку. Основной фокус был сделан на следующих ресурсах:

**HelloChinese:** Мобильное приложение, предлагающее интерактивные уроки с возможностью отслеживания прогресса и адаптации к уровню знаний студентов. HelloChinese [12].

